



ПИОНЕР

№ 11 НОЯБРЬ 1957
АЛМАТЫ



Смольныйдың алдында. 1917 жыл.

ТАЙЫР ЖАРОКОВ.

СӘБИ ЕДІМ

Сәби едім, Октябрь
Атып таңы келгенде,
Шырқап едім көкке бір
Жырды туған кеудемде.

Сәби едім, Октябрь
Сәуле сеуіп келгенде,
Көктен түнек кетті бір,
Бағы ашылды елдің де.

Пеш түбінде бүріскен
Атып тұрып кәрі әкем,
Тігілгенде ту үстен,
Деді: «Бақыт бар екен!»

Киіп жаңа жаулығын,
Көзі күліп кәрі анам,
Көріп жаңа ауылын,
Қуана бір қараған!

Ту астында табыстық,
Бағымызға таң атты,
Тақтым менде галстук
Егіз қызыл қанатты!

Сәби едім онда мен,
Баулыды өмір аясы,
Жігіт болдым, қонды өлең,
Құлпырды елім даласы.

Өмір берген адамға
Сүйеді елім Ленинді,
Қанат жалғап маған да,
Ленин берді өлеңді!



ПИОНЕР

№ 11

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 19 жыл.

40 ЖЫЛ

40 деген цифрды бәрің де білесіңдер. Халқымызда: «Елу — ердің жасы» деген мақал бар. Адам — елуде ер болғанда, қырықта қандай болмақ? Кемеліне келіп толысқан, жауырыны қақпақтай, жұмырығы тоқпақтай, сом денелі, ер тұлғалы, алып адамды көз алдарыңа желтіріңдерші. Міне, біздің еліміз қазір сондай жігіттік шақта!

Біз қырықтың қырқасында тұрмыз делік. Биік шыңның басынан ойдағының бәрі алақанға салғандай көрінбей ме! Сондай-ақ, біздің 40 жылдық өткен өмір жолымыз да ап-айқын боп сайрап жатыр.

Елге аты аңыз болған «Аврораның» айбынды үні жер мен көкті жаңғыртқалы — 40 жыл! Октябрьдің таңы атып, еркін ел боп, бақытты ел боп атанғалы — 40 жыл!

Содан бері талай сулар ағып, талай таулар мүжілді, талай орман жаңғырып, талай өңір өзгерді. «Елу жылда — ел жаңа, қырықта — қазан» деп халық текке айтпаған.

Міне, біз осы 40-ты айтқанда, өзіміздің өскенімізді, есейіп, ержетіп, алып ел болғанымызды атап кетпекпіз. Ұлы Октябрьдің мерекелі күні оны біз ерекше мақтанышпен атаймыз.

Балалар, сендердің қазіргі Ұлы Отаның,

бақытты заманың, шат тұрмысың өздігінен келген жоқ. Кең-байтақ Россия жеріндегі көп ұлтты халықтар ғасырлар бойы қанаушылық езгіде, тепкіде келді. Сендердің арғы аталарың мен бабаларың өмір бойы құлдықта жүріп, аштық-жалаңаштық, қайыршылық тұрмысты бастан кешірді. Олардың, сендердей кезінде, қазіргідей еркін жүріп, оқу оқып, еңбек етіп, сейіл-серуен құрып, саяхат жасау деген өндері түгіл, түстеріне де кірмейтін.

Осындай азап өмірді, Россияның басқа халықтарымен бірге, қазақ халқы да басынан кешірді.

«РСФСР-дың картасына қараңыздаршы. Вологданың солтүстік жағында, Дондағы Ростов пен Саратовтың оңтүстік-шығыс жағында, Оренбург пен Омскінің оңтүстік жағында, Томскінің солтүстік жағында ұлан-байтақ кеңістіктер жатыр, бұл кеңістіктерге орасан зор ондаған, мәдениетті мемлекеттер сыйып кеткен болар еді. Міне, осы кеңістіктердің бәрінде де патриархшылдық, жартылай тағылық, нағыз барып тұрған тағылық дәурен сүріп отыр».


Міне, бұл біздің қазіргі Қазақстан жері, сондағы өмір картинасы осындай еді, бала-



лар! Сендердің туған республикаларыңның өткендегі өмірін Владимир Ильич Ленин 1921 жылы осылай ыспаттады.

Осындай құлдықтан, езгіден құтылу үшін, талай көтерілістер, талай қанды шайқастар болғанын, сендер, тарихтан білесіңдер. Совет халықтарын бұл азаптан тек ұлы Октябрь Социалистік революциясы ғана құтқарды. Сол үшін де, Коммунистік партияға, Совет үкіметіне сансыз алғыс айтамыз!

Октябрь жолында талай жаңдар қиылып, талай қандар төгілді. Аманкелді Иманов, Тоқаш Бокин, Әділбек Майкөтов, Яков Ушанов, тағы басқа мыңдаған революционерлер революция жолында құрбан болды. Сендерге бақытты өмір әперген осылар, солар сияқты сан мыңдаған батыр аталарың мен әкелерің.



Мұны сендер тарихтан жақсы білесіңдер, балалар! Революция құрбандарының туған, болған жерлерінде, қабірлерінің басында болып, сендер оларды еске алдыңдар. Олардың ерлік істері үшін бас идіндер. Олардың ерлік есімдерін әлі де естен шығармандар!

Октябрьдің 40 жылдық тойында сүйсіне айтар жайлар көп.

1920 жыл, 26 август. Бұл — Қазақстанның тарихында аса елеулі күн. Бұл күні Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Советі «Қырғыз (қазақ) Автономиялық Советтік Социалистік Республикасын құру туралы» декрет шығарды. Оған В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойды.

1920 жылы 4 октябрьде Қазақстандық Советтердің I съезі шақырылды. Осы съезде Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы құрылды. Ал, 1936 жылы 5 декабрьде Советтердің төтенше VIII съезінде Қазақ АССР-ы Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы болып қайта құрылды.

Сөйтіп, қазақ халқының ғасырлар бойғы арман еткен тілегі орындалды. Өз ал-

дына одақтас социалистік мемлекет болды.

Республикамыздың 40 жыл ішіндегі қол жеткен табыстары ұшан-теңіз. Оны айту үшін, Қазақстан картасына тағы да бір көз салыңдаршы. Бұдан жүз жыл бұрын Байжанов ашқан Қарағанды көмірі қазір қандай күйде? Шахталарда «қара алтының» көзсіз бұлақтай ағып жатыр. Революцияға дейінгі бүкіл Россияның берген көмірі қазіргі Қарағанды бассейнінің өндірген көміріне жетпейді. Бұған қалайша таң қалмасың, қалайша сүйсінбессің!

Қазақстан картасының қасына Менделеев таблицасын қойып қарашы! Оның барлық элементі бұл картада бар. Соның көбі Торғай алқабының қойнынан табылып отыр. Сендер география сабағында атақты Рур бассейнін сан рет естідіңдер. Оның темір байлығына таң қалдыңдар. Ал, қазір Торғай алқабынан табылған темір рудасының запасы Рур бассейнінен 2,5 есе артық. Сөйтіп, Соколов-Сарыбай комбинатының даңқы жер жаруда.

Айта берсек, жеріміз де көп, кеніміз де көп. Балқаштың мысы, Шымкенттің қорғасыны, Алтайдың мол кендері, Қаратаудың фосфориті, Эмбаның мұнайы, тағы тағысы еліміздің мақтанышы. Қорғасын мен мырыштан, вольфрам мен мыстан, кадмийден Қазақстан СССР-де бірінші орын алса, хром мен ванадийдің запасы жөнінен ол дүние жүзінде бірінші орын алады.

Алтыншы бесжылдық республика даңқына жаңа даңқ қосады. Оның төл баласының бірі — Павлодар комбайн заводы. Ол — еліміздегі ең ірі заводтардың бірі болмақ. Оның күшін көрсету үшін тағы да цифрға сөз берейік. Еліміздің егін даласына бұл заводтан әр жыл сайын 60 мың комбайн шығады екен. Бұл не қылған алып де-



Қаз. Ғылым Акад.
926962

сеңші! 60 мың комбайн! Бұл бүкіл еліміздің 1955 жылғы шығарған комбайнынан 12 мың артық деген сөз!

Енді республиканың солтүстік және солтүстік-шығыс жағына көз салындаршы. Соңғы екі-үш жылда Қазақстан картасы жыл сайын өзгеріпті. Шексіз жазық қуаң дала жасыл көрпе жамылды, алтын астық алқабына айналды. Елсіз жерде көптеген жаңа қалалар мен селолар орнады. Үш жыл ішінде 21 миллион гектар тың игерілді, 350 жаңа село орнады. Оларда жарты миллионға жуық халық тұрады.

Міне, мұның бәрі талай рет айтылған сөздер. Біздің ауыл шаруашылығындағы қол жеткен табыстарымызға республика омырауындағы ұлы Ленин бейнесі бар алтын орден куә.

Қазір біз, кімге болсын, еліміздің дәулетін көр де — сәулетін көр дей аламыз. Октябрь революциясына дейін халқының 98 проценти сауатсыз болды деп енді бізді кім айтар! Қазақтар қазір екі бірдей ана тілін меңгереді, екі тілде бірдей газет-журнал оқиды.

Ал, сендердей бақытты балалар басқа ешбір елде жоқ. Биылғы оқу жылы басталған күні республикамызда 1 миллион 351 мың оқушы партаға отырды. Олардың 9 мыңнан астам мектебі бар, сан мыңдаған тәрбиеші — мұғалімдері бар.

Сендер бақыттысындар, балалар! Сендерге капиталистік елдердегі еңбекші балалар қызығады. Сендердің сәулетті өмірлеріңді арман етеді. Бірақ, олардың бұған қолдары әлі жеткен жоқ. Африка елдеріндегі миллиондаған балалар мектеп есігін көрмей, қайыршылық өмір сүруде. Олардың оқу оқуға ешқандай правосы жоқ. Олар, сендерше яслилер мен бақшаларда тәрбие алған емес, жазда сендерге ұқсап демалыс үйлерінде, лагерьлерде, санаторийлерде демалып көрген емес. Мұның бәрі олар үшін құр хиял ғана.

Ал, сендерде не

керектің бәрі бар.

Сан мыңдаған кітапхана, жүздеген кинолар мен театрлар, пионер үйлері мен сарайлары, балалар темір жолдары, спорт

алаңдары — бәрі сендер үшін қызмет етеді. Республикамыздың жүздеген ғалымдары сендер үшін оқулықтар жазады, көп жазушы сендерге арнап кітап жазады.

Биылғы жаңа оқу жылының қарсаңында Қазақтың оқу-педагогика баспасынан 3 миллион үш жүз мың сомның оқулықтары басып шығарылды. Барлығы 104 оқулықтың көпшілігін республикамыздағы авторлардың өздері жазған.

Міне, соның бәрі де сендер үшін! Бәрі де сендердің игіліктерің мен бақыттарың үшін!

Ұлы Отанда гүлдей жайнап өсе бер, жас ұрпақ!



Коммунизм ісі үшін, әрқашан да дайын бол!

БІР МИНУТТА

Қаламмен қатарласа ой жарысып,
Саулады сөз қағазда жолға түсіп,
Ыстық қан басқа теуіп, шеке сыздап,
Көз талды, жаза-жаза қол қарысып.
Сусады... сусын жұтса түрегеліп,
Кетердей сөз секундпен бірге өліп,
Қолын ол бір-ақ сілтеп, тапжылмады,
Сырғанап, жүйрік қалам жүре беріп.
Шам кенет сөне қалды — әлденесі —
Қызық-ау қараңғыда ой елесі,
Сол сәтте еске түсті сонау жылғы
Цюрихтың хирургының әңгімесі:
— Кіріптар дерт қатерін тосқан мұңға
Сағатшы

операция столында
Үзілді жарық сөнген бір минутта,—
Бұ да бір — жоқшылықтың қыспағы да.
... Ильичтің Смольныйдан қиялы ұзап:
Жөнелді қия кезіп, қиянға ұзақ:
Жұмысшы не бір дихан бұл минутта
Пүшәйман жатқан жоқ па, тартып азап!
Өмірдің сақшылары көз ілмесін,
Тарихтың бақсын шеру ұзын көшін,
Аймалап аялайтын адам жанын
Жаңа заман жарығы үзілмесін!
Жарқ етті, шам да қайта нұр шашты да,
Үзілген сөйлем әрі жалғасты да,
Құйылды даналықтан көсем сөздер,
Шақырып адамзатты күн астына.

Мұзафар Әлімбаев.



КӨКСЕРЕК

ӘҢГІМЕ

Тағы бір ретте қалың шипі қорықта отырған бес-алты ауылдың үстіне келді. Күндіз болатын. Күн шаңытқан аяз еді.

Шеткі ауыл бұларды көріп қалды. Ши шетінде, қарда аунап жатқанда ауылдан бір түйе шықты. Үстінде кісі бар. Басына ақ оранған. Тура қасқырларға қарай жүрді.

Ат емес, қашпаса да болады. Бірақ, түйе жақындап келгенде бар қасқыр тұрып далаға қарай ақырын бүлкектей берді. Топтың артынан Көксерек керенаулап зорға тұрып, қырыстанып артына қарап ол да аяңдады. Түйе бақырып қояды да, шудасы желкілдеп желеді. Бетті елсізге қарай түзеп қасқырлар бүлкектеді. Артында Көксерек.

Түйе бұрылып кетер деп бақылайды. Бұрылмайды, Көксерек ашығып қалып еді. Дәмелене бастады.

Біресе жортыңқырап барып алдыңғыларға жетеді де, бәрін тоқтатып, өзі жүресінен түсіп түйеге қарап жатады.

Түйе жақындап келгенде, өзгелер жылжи береді. Бұл да артынан тұрып аяңдайды.

Аяғында ауылдан әбден ұзап шықты. Көксерек өзгелерді ілгері жіберіп, өзі бір күшік қасқырменен бөліне, оң жақ бүйірге қарай тартты. Түйелі қиыстап, топ пен бұл екеуінің аралығына қарай беттеді.

Әлі де түйе бақырады. Исі, дәмі қызықтырып, асықтырып барады. Көксерек түйенің артына түсті.

Бірақ, әлі онша жақындаған жоқ. Түйе енді ақырын жүре бастады. Кейде тоқтап, алды-артына қарайды. Ақ бас әрлі-берлі бұрылып қозғалақтайды.

Түйе тоқтағанда, Көксерек те тоқтайды. Тұрған жерінен қар боратып тарпына бастайды. Сөйтіп кеп, бір мезгілде ағындап шауып, түйенің жанына жақындай келіп қиыс өте берді.

Сол кезде түйе үстінен бір ұзын нәрсе, шошайып созылды да, күрс етті. Өлгенше қатты, ащы дауыс даланы сілкіндіріп шошытып жіберді. Бар қасқыр қар боратып ытқып қашып жөнелді.

Күрс етіп жөтелген көк түтінмен қатар, Көксеректің артқы бір саны шыж ете түсті. Әрі ыстық, әрі суық бір нәрсе қадалып шаншып қалды.

Санын арс етіп қауып қалып, түйенің үсті тағы да сыртылдап қамданып жатқанда бұ да ытқып, қашып жөнелді.

Тоқтаған жоқ, көп қашты. Бірнеше қырқадан, бір-екі жазықтан құлаш ұрып шауып өтті. Өзге қасқырлар бір бөлек, бұл жалғыз бір бөлек кетті.

Түйе қалып қойды. Жүгіріп-жүгіріп келіп бір жар тасты сайға кіре бере арт жағы қиралаңдап барып құлап түсті. Жол бойы тоқтамай аққан қан әлін кетірді. Жарасының ауруын да жаңа тоқтар алдында ғана сезе бастаған.

Қыңсылап жатыр, санын жалайды. Қан шығады. Бір тұрады, бір жатады. Тұрғанда енді бір аяғын көтеріп тұрады. Үш аяғымен секектеп аяңдайды.

Арада бірнеше күн өтті. Осы сайдан шыққан жоқ. Ашығып бұралуға айналды. Бірақ, аяғы ептеп басуға келді. Бір-екі қырқадан асты. Бір сайда үш-төрт ат жайылып жүр екен. Бұғып қасына келді. Шетте арықтау бір көк шолақ ат тұр еді. Тап беріп қуып отырып, қалың омбыға әкеліп қамады. Оқырып қорқып тұрған атты алқымынан алып бауыздап түсті.



Санын жұлды. Қоңын ойды. Омбы қардан шығармай тұрып жығып алды.

Тоя жеп алып сайына қайтты. Күнде кешті күтеді. Түн болған соң жемтігіне келіп, асын жейді.

Осымен бес-алты күн өтті. Қайтадан жоны шығып тыңайып, күшейіп алды. Аяғы да әбден басуға келді.

Күдірейген жоталы ашулы Көксерек тағы да жортуылға шықты. Белгілі жемтік біткеніне екі күн болған. Содан бері аш еді. Жорта-жорта баяғы Қараадырдан шықты. Түске жақын мезгіл еді. Жота-жотадан қарауыл салды. Желге тұмсығын төсеп ап белгілі иіс күтті. Алыстан таныс иіс келіп мұрнына жетті.

Маңайға жалт-жұлт қарап алып, қырдан-қырды, адырдан-адырды кезіп отырып, күн батысқа қарай шырқап салды.

Көп іздеді. Аяғында күн кешке жақындағанда, бір жотаның басында шошайған аттылы қойшыны көрді. Айналасында, сол төбенің бетінде қой шашылып жайылып жүр.

Теріп жеуге шашқан шашудай. Бірақ, жақында ауыл бар. Алыстан ағындап бет түзеді. Жалғыз-ақ қарасын көріп қалған қойшы айқайды салып бұған қарсы шапты.

Қойшы үлкен емес, бала дауысы шошытпайды. Қой дүркіреп үркіп қойшыға қарай қашты. Қасқыр жақындап бір қызыл қойға ауызды салғалы ентелеп келіп қалып еді, бағанадан айқайлап келе жатқан қойшы қасына келіп қалыпты. Еріксіз жалтарып бұрыла беріп еді, қойшы бастырып қуып жөнелді.

Бой салып қорқып қашқан жоқ. Содан ба, болмаса тегі жүйрік пе, әйтеуір боз ат бастырмалатып жетіп келіп, Көксеректің жотасына жеңіл ағаш сарт етіп тиіп қалды.

Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып, аттыға қарай арс етіп шапшып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек еді. Ыңғайына бала тонының әңірі ілінді. Соны бөксеріп жұлып түскенде, боз ат оқырып, атқып кетті.

Баланың шошыған айқайы шықты. Қасқыр атына айналып тап бергенде, мөңкіп жүрген боздан бала

аударылып құлап түсті. Көксеректе қазір де, бұрын ешқашан білінбеген долылық, жайындық бар еді. Туғаннан бергі барлық көресі осыдан, екі аяқтыдан дегендей, жығылып домалап жатқан балаға тап берді. Оқыс секіргенде санының жарасы ашылып тыз етіп ашып қалып еді. Ол бұрынғыдан жаман ызаландырып құтыртқандай. Боз ұзап қашып кетті. Қой да жоқ. Екпіндеп секіріп ырылдап кеп баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнше қойға жіберген еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнені болатын. Үстіне дүрілдеп қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылды. Басына таман араңдай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген, білгені сол.

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып қылғып салды... Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында тайдың ізіндей болып үлкен қасқырдың ізі жатыр екен.

Құрмаштың жаназасына жиналған Қараадыр елі Көксерек жайынан неше алуан әңгімелер құрды. Көпшілік мұны қорқау қасқыр деді. Кейбіреу құтырған қасқыр емес пе екен деп күдік айтты. Бірақ құтырған деуге орын жоқ. Ондай болса бір баламен тоқтамас еді. Ауылға да шабар еді. Қойды да қуалар еді. Сол жиында бұны не қылса да ізіне түсіп соғып алуға, өлтіруге сөз байласты. Бұл әңгіменің ортасындағы Қасен еді. Ол белгілі аңшы. Баяғыдан құс салып, ит жүгіртетін. Өзі осы маңайдың ауқатты, әлді жігіті. Қараадырдың мырзасымағы, қалада қызметте тұратын інісі бар. Сол арқылы биыл күздігүні мұның ауылына шетелден қасқыр алатын бір ит келген. Қазір барлық адырға да, маңайдағы өзге елге де даңқы шыққан Аққасқа — осы Қасеннің иті.

Келісімен, Аққасқа күздігүні бір күннің ішінде бір бөлтірік, бір үлкен қасқыр алған. Өзі екі қар басқан екен. Қазіргі уақытқа шейін алты қасқыр алыпты.

Аз күнде бір болыс елдің әңгімесі болған Аққасқаның арғы тегін тексерушілер де көп еді. Түбі Ереймен итінің нәсілі десіп кеп, арғы затын ертегіге айналдыру үшін «бұл қанжығалы қарт Бөгембай батырдың итінің тұқымы» дейтіндер де болған.

Жиын Көксеректі іздеуге сөз байлаған соң, жаназадан тарай сала Қасен өз ауылына келіп бес-алты жігітпен бірге, Аққасқаны арттарына ертіп алып адырға шықты.

Күн көшкі бесін кезі еді. Сондықтан, ертеңге қарап аял қылысқан жоқ. Ең болмаса, ізін көріп, бетін аңғармақ. Және жаңада қар жауған. Сонан енді тағы қар жауып қалмай тұрып ізінен, бетінен Көксеректі танып алу керек.

Қасен Құрмаштың әкесімен ағайындас, жақын болатын. Жалғыз баласы, ерке Құрмаштың өлгені әкесіне ерекше батып еді.

Бұның үй ішімен түгел ботадай боздап, бейіт басында да қатты күңіреніп жылағанын көргенде, тірі жанның бәрінің сай-сүйегі сырқыраған. Құрмаштың әкесі Қасенге:

— Сол жалғызымды өлтірген қасқырды қолыма әкеліп беріп, көзін ойғызбасаң сен маған туысқан емессің, — деген. Өзге ел де Қасенге «Бүгін Аққасқа не өлсін, не өлтірсін. Осыдан басқа жерге итіңнің керегі жоқ тіпті» — дескен, осы сөздердің барлығы Қасенді де асықтырып, ширықтырып еді.

Құрмаш ауылы менен Қасен ауылының арасы жақын болатын. Сондықтан, көп уақыт өтпей-ақ аңшылар кешегі бала өлген жерге жетті.

Ақша қардың үстінде бадырайып, үлкен із жатыр. Беті елсізге, Тастықұдыққа қарай келітті. Барлық аңшы ізге қарап, қасқырдың үлкендігіне қатты қайран болды.

Аққасқа бұрынғы еріншектеу әдеті бойынша ізге жеткенше жай жүріп тартыншақтап келіп еді. Ізді көріп бір аз иіскелеп алған соң басты төмен салып жіберіп, тұмсығын ізден алмай отырып, Жүндіадырға қарай шауып жөнелді.

Бар аңшы артынан ілесе желе текіректен шауып отырды. Аққасқа тоқтамайды, артына қарамайды, тынбай жортады. Әлі қар бекіген жоқ. Қалың да емес, қыстың орта кезі болса да биыл қар жұқа болатын.

Аңшылардың айтуы бойынша, қасқыр, түлкіге ит қосатын уақытының нағыз өзі еді.

Қасен қолына келгелі Аққасқа барлығы үш қасқыр алды. Бұның екеуін бір күнде күздігүні жер қарада алған. Үшіншісін қар түскеннен кейін ауыл үстінен алып еді. Қасен өзінің бір-екі жігітімен және басқа аңды сүйетін төрт-бес құрбысымен соңғы уақытқа шейін ат жаратып жүрген-ді.

Алыс жерден еті ояңдап келген Аққасқаны қыстыгүні қарда жүгіруге қызылы толық болсын деп етейтіп баптап, қайырып жүр еді.

Бұдан бұрын Аққасқаны аз-аздап қоянға жүгіртіп, екі-үш суытып алған. Соңғы уақыттардағы тамағы, көбінесе, құрт араласқан сұйықтау ас болатын. Қоясын да екі рет тастатып алып еді. Содан бері қысқы жүні жетіліп, өңі ажарланып, қатты құлпырып алған.

Жалғыз-ақ бүгін таңертең аз ғана ас құйылған екен. Соның тоғы қаша қоймады ма деген күдік бар.

Одан басқа, жоны жұмырланып, етін сыртына теуіп, бойдағы майдан, іштегі қыл-қыбырдан арылған кезі еді.

Аққасқаның бойы қасқырдан кіші емес. Аяқтарының жуандығы, сомдығы да содан кем емес. Өзінің барлық тұлғасында қасқырға ұқсайтын бітім бар. Түсі тазылар түсіндей емес, қасқыр түс. Дене жүні ақ сарылау келген де, маңдайы шаңқиған ақ, маңғыл қасқа болатын.

Екі көзі шатынап, шарасынан шығып тұрғандай үлкен. Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз. Ашу да, ерлік те бір өзінде...

Екі шекесі «торсықтай» деп жұрт аңыз қыларлық. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң жая сияқтанып күдірленіп, дүңкиіп тұрады.

Оның үстіне, шеке мен мойын тұп-тұтас болып келіп, шаңбер төске қосылған. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды.

Аққасқа өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін допы, ызалы. Сондықтан, ауылға келгенде шынжырдан босамайды. Далаға алып шығып, аңның ізіне салғанша, я қарасын көрсеткенше ұзын кендірден босамайды. Әйтпесе, жолда көз келген иттерге де соқтыға береді.

Итке келгендегі жалпы әдеті: өзі барып таласпайды. Бірақ, ауылдың көп иті алдынан шығып, быжғылдап үре беріп, айналасын қамай бергенде, яки біреуінің жұлып қашқан, тісі тигенде құтырып кетеді. Ондайда, топ иттің ішіндегі ең үлкен төбетті секіріп барып, құлақ шекеден алып топ еткізіп алып жығып, жаншып-жаншып жібереді. Кісі айырмаса, астына түскен итті өлтірмей шықпайды.

Өзі жүрген жерде өзге иттің еркелігін көтермейді. Күзден бері Қасен ауылының екі-үш сақ төбетін өлтіріп салды.

Қатты ашуланып ашқарақтанып кеткенде иесін де қауып жібереді. Күздігүні үй ішінде сойып жатқан қойдың етін жегізбей ұмтылғанда Қасенді де бір-екі рет қолынан ала түсіп қауып алған.

VIII

Күн екіндіге жақындап қалды. Аққасқа ізбен әлі жүріп келеді. Жерден бас алмайды, тоқтамайды. Аңшылар Қараадырдан бес-алты шақырымдай ұзап шықты. Қасқырдың бұл күнгі беті Тастықұдықтан да өтіп, Ақсораңдағы жылқыға қарай тартты. Ақсораңда екі қос жылқы жатыр еді. Айналасы аласа белес қалың тобылғылы үлкен шұбар еді.

Соның ортасындағы жадағай жалғыз биік — Ақсораң. Қасқырдың осылай беттегенін білген соң аңшылар ақылдасып тұрып, Аққасқаны шақырып тоқтатып алды.

Мұның мойнына кендір тағылған соң, барлық жұрт аяңдап Ақсораңдағы қосқа тартты. Бүгін түнде сонда қонып, ертең ерте жылқышыларды жүйрік ат, айғырға мінгізіп алып, қалың топ болып қуыспақшы болды.

Екі қостың бірінде Қасен ауылы мен барлық Қараадырдың да жылқысы бар еді.

Жігіттер сол өз қостарына келіп қонды. Қоста түні бойы тынымсыз, қызулы, лаулаған әңгімелер болды. Мол асылған семіз ет қонаққа да, жылқышыларға да көңілді желіктің шарты еді. Құрмаштың өлімі де көп уақ әңгіме болды.

Қасендер келісімен-ақ барлық жылқышы мәлім етті, өткен түнде бір көк шолақ жылқыға шауып, бір жабағыны жеп кетіпті.

Жалғыз өзі бір семіз жабағының жарты етіне жақынын жепті.

— Бұ не деген жалмауыз екенін білмейміз! — деп қос басшысы сөйлеп еді.

— Ол ұзаған жоқ. Ол болса осы Ақсораңның айналасынан табылады.

— Соңғы уақытта қасқырдан тыныс едік. Осы жалғыз қасқыр кешеден келіп араласты. Ізі тайдың ізіндей. Әнеугүні де бір келіп бір тай жеп кетіп еді.

— Іздегендеріңнің өзі сол. Ел менен қосқа кезек тиеді. Бір бәле, сырқынды. Бәрін істеп жүрген сол. Енді, әттең дүние, соны ғана бір қолға берсе-ау! — деп жабағысы желінген Бейсенбай жылқышы кіжінді.

Жатарда Аққасқаға азын-аулақ құрт пен жылы жұмсақ ет берілді. Жұрттың бәрі айнала үйіріліп соны күтті.

Бірақ, тар үйде көп бөтен кісінің ортасында Аққасқа жиі ашу шақырады. Шынжырмен байлаулы жатып, кей уақытта арс етіп, от айналасындағыларға тап береді. Көп уақыт қорылдап гүр-гүр етіп тұрып алады.

Отқа қарсы қараған көздері ашу менен қан басып шатынап кетеді. Қараңғы ала көлеңкеде жатқанда екі көзі қып-қызыл шамша жанады.

Аққасқа ырылдағанда, алдында отырған Бейсенбайдың жотасы мұздап, еті тітіреп кетеді, ентелеп ілгері жылжып, отқа қарай мінбелей береді.

Таң қылаңдап келе жатқанда аңшы мен көп жылқышы атқа мінді.

Жарап жүрген бедеу биелер мен жүйрік айғырлар түн ортасынан ұсталып, тоғын қашырып алып еді. Жұрттың бәрінің қолында сойыл шоқпар. Сатыр-сатыр етісіп, қостан желпіне шығысты.

Ақсораңның етегіне таман келгенде Қасен он бір-он екі кісілік жиынды төрт бөлді. Өзі Аққасқаны алып, Ақсораңның дәл биігінің басына шығатын болды.

Өзгелерді тау мен ұсақ адыр, қалың шұбарды айнала қоршап алып, жан-жағынан саумалап биігіне қарай қағып шық деп, таратып-таратып жіберді.

Қыстың күні алыстағы ақ жотадан қызарып шығып келе жатқанда барлық аттылар жан-жаққа қарай шашырай жөнелді. Ақша қар желе шауып жөнелгенде жүйріктердің аяқтарымен есіліп, үгіліп борай түсіп жатты.

Қасен аяңдап биіктің басына қарай тартты. Жолшыбай екі-үш жерде Аққасқаны аунатып, баптан-дырып алды. Сонымен, жарты сағаттан артық уақыт өткенде, биіктің басына келіп шықты. Дәл биіктің бір иек артпа иығына атын тастап, өзі Аққасқаменен бірге жаяулап келіп бір, екі, үш обаның иығына келіп отырды. Айналасының бәрі де көрінеді.

Тау басында желдетіңкіреп ызғырық соғады. Күн әзірше суықтау, Аққасқаның астына ертеден қамдап алған киізін төсеп, өзінің иығына жатқызды. Айналаға Аққасқа да анда-санда бойлап-бойлап жағалай қарайды.

Қасен бұны баулыған иесіне ішінен бас алғыс айтады. Құрметпен еске алады. Өйткені, Аққасқа тау басында қазіргі отырыстың не мәні барын әбден түсініп, ұғынып отырған сияқты. Тыныштыққа бой ұрып жатуды ойлап тұрған жоқ. Күтіп отыр... Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп бағып отыр. Жан-жақтағы қағушылардың бәрінің де алдына қарап өтеді. Кейде түрегеліп те, жан-жаққа көз жібереді.

Кешегі жабағыны жеген Көксерек екені рәс еді. Кеше жартысына жақынын жесе, бүгін түнде, сол жеріне барып тағы қалғанын тоя жеп алып, енді Ақсораңның етегіне келіп бір жар тасты, боз қарағанды, қияңдау сайда ұйықтап жатыр еді.

Құлағына алыстан бір сарын естілді. Елсіз тыныс тауда таңертеңгі әуе, дыбыс атаулының барлығын екілендіріп көтеріп тұрған.

Оянып, жүресінен жатып қар қапты. Сөйткенше сатыр-сұтыр еткен ағаш дауысы мен тастақ жерді тасырлатып басқан ат дүрсілі естілді. Түрегеліп, барынша керіліп алды. Екі аяқтының иісі шықты. Бүл-кектеп жотаға шықты.

Сол-ақ екен, арғы беттен құлап келе жатқан екі үлкен қара айқайды салып тап берді.

Көксерек жалт беріп жотаның тасасына түсе сала, сайды жалбылап, жоғары қарай салды. Қолында шошайған сойылы бар, астында қатып қалған ақ бедеуі бар Бейсенбай ағызып жотаға шығып тағы айқай салып, өрге қарай тасырлатып шапты. Бұл уақытта Көксерек сонша саспаса да, кейде көсіле шауып, кейде құлағы жалбырлап сөлектей түсіп Ақсораңның жонына қарап асып еді.

Айқай жақын жерден шығып қалғанда, Аққасқа атып тұрды. Қасен бұны кендірінен сүйрете барып, атына шапшаң міне сала, айқай шыққан бетке қарай ағызып отырып, сол жақтағы жотаға шықты.

Қарсы алдында оқ бойындай жерде сары жотаның дәл үстінде артына бұрылып қарап тоқ тайыншадай бір көк шолақ тұр екен.

Жотасы күдірейген, құйрығы шоп-шолақ, бойы тау басында тайдай көрінді. Ертегінің көк жалы. Жотаға шыға бере Аққасқа да көріп, атылып, секіріп кетті.

Ақырын ғана «айт!» деп қалып бәйгекерге Қасен де қамшы басты.

Көксерек артына қарап тұрып байқамай қалып еді.

Бір уақыт, алдынан шыға қалған сатыр-сұтырға жалт қарағанда, ағындап келе жатқан Аққасқа мен аттыны көріп сол жақтағы ойға қарай ытқып қашып жөнелді.

Бір сайға түсіп жосылып барып, екінші оң жақтағы жотадан асып түсті. Соның ойына таман жа-

қындағанда аттының дүбірі басылып қалып еді. Мұның құлап түскен жері тіп-тік сай болатын.

Бірақ, дәл сол кезде артындағы қар жиі-жиі шықыр-шықыр басылып, бірдеме жақындап келіп қалды.

Қашып келе жатып артына бұрыла алмады. Сол-ақ екен, жаралы санынан бір мықты ауыз қауып түсіп, ойға қарай қатты жұлқып көтеріп тастады.

Сол сәтте бұның жауы қасынан ағып өтіп кеп, алдыңғы омбыға екпіндеп барып соқтығып өзі де құлап түсті.

Аққасқаның жұлып кеткен екпінімен етпетінен түсіп қалған Көксерек енді атып тұрып, тап берді.



Бұрын Аққасқа, бұндай жұлып өткенде, әсіресе, ойдан төмен жұлғанда, қандай қасқыр болса да омақатып тұмсығына шаншыла түсуші еді. Сондайда қапысыз мықты ауыз, тұрғызбастан келіп алқымынан жабысып қалатын.

Бұл жолы болмады. Аққасқа өзінен бұрын тұрып, күрілдеп ырғып келе жатқан көк жалды көрді. Бұ да қарсы тап берді. Сол уақытта құлақ шекесінен тиіп қалған қышқаштай қатты темір ауыз жұлқып кеп жібергенде, ой жаққа қарай ытқып барып түсті. Бірақ, Аққасқа жығылған жоқ, тік етіп барып төрт тағандап тұра қалды.

Ептілік ыңғайлылығымен ғана көк шолақтың аузынан шығып кетті. Көксерек тістегенде қапсыра қамти тістей алмай, көбінесе терісінен жұлқып еді.

Сол бетімен Көксерек жотаға таман жүре бермекші болды. Өйткені, артындағы дүсір тағы естіліп қалды.

Бірақ, Аққасқа қалмады. Ағындап келіп әр жаққа шығып алып көлденеңнен шапшып секіріп келіп, Көксеректі құлақшекеден ала түсті.

Көк шолақ бұл жолы жығылмады. Аққасқаны көтере жоғары шапшыды. Алғашқы алған жерден Аққасқаның аузы босап кетті. Екеуі бетпе-бет келіп

шапшып тұрып, қаршылдасып ұстасты. Енді бірінен-бірінің босап кетуіне жол жоқ. Бұл күй, не қылса да, біреуінің асқа түсуімен біту керек.

Жаңа етіне тіс тиіп, ашынып алған Аққасқа, қазір де долылықтан өртенгендей еді. Қасқырмен көп кездесіп, қырқылжын тарта бастағаннан бері қарай Аққасқа бойына тіс тигенше онша өлерменденбеуші еді. Дәл қазіргі күй жалғыз тал қылына шейін қоздырып, күйдіріп, жандырғандай.

Көксерек те бағанадан қалыспаған итке енді шын ойынды бастаған. Екеуі шапшысып тұрған бетте, біріне-бірі құлақшекеден де, алқымнан да алғызбайтын болды. Алдыңғы аяқтарымен ұстасып, тіресіп тұрып, сол сәтті аңдығанда, екеуі де тез іс бітпейтінін ұққандай болды.

Қозданған қан, толқынып кеп тағы бір дем басқа шыққанда, Аққасқа қарсы алдында арандай ашылып тұрған ауызға сақ еткізіп тістерін салып жіберді.

Бұл қасқырдың төменгі тістері мен тілін қоса шайнағанда, қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп, кірш-кірш кірді.

Ашулы тістер сытыр-сытыр, қарш-қарш шайнасады, әлі шапшысып тұр.

Дәл сол уақытта жоғарғы жотадан шыға сала төмен қарай кер ат пен ақ бие де аңырап еді. Қасен мен Бейсенбай «а, құдай» лап сойылдарын оңтайлап келе жатты.

Әр жақта Аққасқа, шайнасып тұрған ауыздардан, сілекей мен қан аралас ағып сырылдап тұр.

Аққасқа Қасен дауысын ести сала, ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда, көк шолақтың белі бұраң етіп барып дүрс етіп құлап түсті. Ауыздары бір-бірінен айрылған жоқ. Екеуінде де үн жоқ. Шайнасу үстінде, желімдей қайнасып қатып қалған сияқты. Ең аяғы, болымсыз болса да, тыныс алған дыбыс та білінбейді.

— А, құдай... А, құдай... Я, сәт!.. Ия, сәт!..-Ия, ақ сарбас! Ия, ақ сарбас! — дей бере екі атты үстеріне жығыла-мығыла үйіле түсті. Аттар босанып шықты.

— Ойпыр-ай... Ойпыр-ай... ауызын! — деп келіп, Қасен жуан қамшының сабын Көксеректің көмекейіне тығып жіберіп, мықтап басып тұрып, жәйіннің тұмсығын жоғары қарай қайырып жіберді. Аққасқаның қан басқан тұмсығынан көк шолақтың тістері бір-бірлеп шығып кетті. Аққасқа сонда ғана бүйірін тартып тыныс алды.

Бірақ, әлі де жанын шығарғанша қасқырдың төменгі жағын күрт-күрт шайнап жатыр. Бұл кезде Бейсенбай да қара пышақты Көксеректің өкпесіне салып-салып жіберіп еді.


— Осы... Осы... Осы ит! — десті. Көксеректің жаны әбден шыққан соң Аққасқаны Қасен, Бейсенбай екеулеп отырып, зорға дегенде айырып алды. Құйрықтан қысып алып алысқа сүйреп апарған соң ғана Аққасқа есін жиды. Бірақ, әбден әлсірегендіктен, сол апарған жерге сілейіп жата кетті. Барынша шаршап талған екен.

Ес жиған соң жұрт көк шолақтың құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап кейбіреулердің көздерінен жас та шықты. Ауылға әкелгенде, Құрмаштың әжесі боздап келіп:

— Қураған-ай, неңді алып ем!.. Не жазып едім... Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді, менің құлыным!! — деп елді теріс еңіретіп Көксеректі басқа тепті.

(Соңы. Басы өткен сандарда.)

Ташкент, 1926 жыл, январь.



ҰМЫТЫЛМАС ЕСІМДЕР

Атақты Қарқаралы қаласының нақ орта шенінде жан-жағы нақышталып қоршалған биік ескерткіш бар. Күннің қызылы батып, түн шымылдығы түріле бастаған кезде сол ескерткіштің басына орнатылған қызыл жұлдыз шоқтай жанады. Қала көшелеріне шыққан жұрт күн сайын осы жұлдызға бір қарамай кете алмайды. Қараған сайын олардың есіне сол «Туысқандар бейітінде» жатқан есіл ерлер түседі, көз алдарына олардың жарқын бейнелері мен күрестері елестейді.

Сол ескерткішке жыл сайын Қарағанды қаласынан және оның басқа да аудандарынан мектеп оқушылары келіп-кетіп жатады.

Міне, мына суреттегі солардың бір тобы. Олар өздерінің бақытты өмірі үшін күресіп, сол жолда құрбан болған батыр ағаларының даңқына бас иіп, большевиктер көтерген қызыл туды қасиеттеп ұстап, оны тынбай алға апаруға серт беріп тұр.

Ескерткіш түбіне жиылған пионерлер оның қабырғаларына жазылған жазуды үңіле, зейін қоя оқиды.

— Бұл — туысқандар бейіті! Мұнда орыстар мен қазақтар, украиндар мен татарлар жатыр,— дейді пионерлерді бастап жүрген мұғалімдердің бірі.— Мына жазуды көрдіңдер ғой, ал біреуің дауыстап оқып жіберіңдерші...

Мойнында қызыл галстугі бар, көзінен отты ұшқын шашыраған балғын бала сабырлы пішінде, айбынды үнмен оқи бастады.

— Совет өкіметін қорғау жолында...

Осы жерге келгенде ол сәл кідірді. Бірақ, оған жанындағы жолдастары тағат таптыратын емес.

— Әрі қарай оқы, әрі қарай,— деп қояды.

— 1921 жылдың апрель айында,— деп біртұныс жасап алды. — ақгвардияшыл бандылардың қолынан қаза тапқан жауынгер жолдастардың тізімі...


Жас бала ескерткіштің үш жақ қабырғасына шықты.

— 73 адам! Ғажап! Осының бәрі бір-ақ түнде, қапылыста азаппен өлтірілген,— деп таң қалып, таңдай қағысты жиналғандар. Сол танданыста зұлым бандылармен арыстанша алысып, жолбарысша жұлқысқан ағаларының ерлік өміріне аяныш білдірген кейіп бар.

— Солардың ішінде уыздай жас азамат, он тоғыз жасар Гариф Мусин де бар,— деді оқытушы әңгімесін жалғап.— Оның табандылығы мен мұқалмас жігері сендерге де өнеге!

Осы кезде пионерлер тізімдегі Мусиннің фамилиясы жазылған тұсқа көз алмай қарай қалысты.

— Ол кім болған, айтыңызшы, апай,— де-



ді орта шенде тұрған балалардың бірі ерлік істі естуге зор ынтасын білдіріп.

— Иә, апай, айтыңызшы, айтыңызшы...

Мұғалима сәл ойланып, Гариф жайынан өз білетінін, естігенін еске түсірді.

— Совет өкіметі орнаған күннен бастап, — деді ол, — жалынды жас Гариф Мусин Қарқаралы уездік комсомол комитетінің секретары болып істеді, ол жастарға Лениндік ұлы партияның саясатын түсіндіруде көп жұмыс жүргізген.

Шынында да, солай. Гариф Мусиннің өзіндік ерлігі, Совет өкіметіне шын беріле қызмет атқарған адал ісі бар.

...Бандылармен айқас кезі. Уездік партия комитетінде болып жатқан большевиктердің мәжлісіне ол да қатысып отырған болатын. Қапылыста жау тап беріп, жағалай қоршап алған кезде Гариф бандиттер қолынан бір сәт сытылып шығады. Сол бетімен ол уездік партия комитетінің үйіне барады. Ондағы ойы жау зұлым, қатал. Ол нендей қылмыстан болса да аянып қалмайды. Сондықтан, уезд коммунистерін бермеу керек.

Ал, коммунистердің тізімі осы уездік комитетте. Басқа коммунистердің мұны ойлауға мұршасы келмеді. Олар дереу қолға түсті. Гариф жанұшырып жүріп, пешке отты маздатып жақты да, барлық коммунистердің тізімін соған салып, өртеп үлгірді. Қысылтаян кезеңде бұдан артық ерлік бола ма? Өйткені, коммунистер тізімі қолға түсті деген сөз — ол жау отына май құйғанмен бірдей.

Гариф бұл ісін ойдағыдай орындаған соң, аман-сау үйіне барып, бандылар қолынан сытылып шығуға бел байлады. Бірақ «қалайша құтылуға болады? — Осы ой мазалады оны. — Ә, таптым. Ат жаюға шыққан болып зытайын».

Жалынды жастың бұл ойы іске аспай қалды. Жағалай торып, қарауыл қойған банды-

лар Гарифті кетейін деп жатқанда тап басып, ұстап алды. Оның басына хауіп төнді. Ол өзіне төнген ажалдан сау құтылмайтынын сезді. Бірақ, тайсалмады.

Қеудесіне мылтық аузы тақалған кезде, ол көзі қанталаған бандыларға тура қарап:

— Мен — коммунистпін. Мен өлімнен қорықпаймын. Қорқау қасқыр — сендерсіңдер! Біз үшін кек алатын адамдар бар. Біз келешекке сенеміз, — деді. Соңғы сөзі осы болды жас коммунистің.

* * *

Патшалық Россияның жер-жердегі сойылшысы, әрі арқа сүйер тірегі болып келген купецтер, байлар, қала саудагерлері Қарқаралыға да мықтап орныққан болатын. Сол қомағай, қатыгез жендеттер жер шұрайын, ел байлығын иемденіп, қарапайым халықты сүліктей сорып келді. Ел ішін қайнаған ыза, булыққан ашу кернеді. Оқтын-оқтын демонстрациялар болып, самодержавиенің әділетсіздігіне қарсы халық (кедейлер мен шаруалар) бас көтерді. Бірақ, 1917 жылдың октябріне дейін оның бәрі сәтсіз болып келді.

Қанатын кең жайған революция дауылы қазақ даласына жеткен кезде, оның шарпуы Қарқаралы уезінің экономикалық-әкімшілік орталығы Қарқаралы қаласын да қамтыды. 1919 жылы 12 декабрьде Қызыл Армия

бөлімдері шайқаспен қаланы алды. 1920 жылы 8 январьда уақытша революцияшыл комитет құрылады. Соның артынан көп ұзамай-ақ партияның уездік комитеті мен совдеп (депутаттар советі) құрылады. Бұл — үлкен жеңіс еді. Алайда, «осымен іс тынды, Совет өкіметі біржола орнады, оның буыны бекіп, бұғанасы қатты» деуге болатын ба еді? Жок. Большевиктердің ұлы адымына қарсы жауыздық әрекеттердің неше-хилы әдіс-айлалары жасалып бақты.

Ақбандылар көбейді, ел ішінде алашор-

ҮЙРЕТКЕН СОЛАЙ ЛЕНИН

Көңілдің құсы көкке өрлеп,
Парадқа шықтық біз бүгін.
Самғап жүр биік кептер көп,
Секілді көктем күзгі күн.


Тоңдырар емес күз желі,
Қыздырады шаттық денені.
Жайраңдап балғын жүздері
Бөбектер сапта келеді.

Мәз-мәйрәм болып күледі,
Қолында шоқ-шоқ гүлдері.
Соғады дүрс-дүрс жүрегі,
Аттайды бәрі ілгері...

Осылай жұбың жазылмай
Асыңдар нелер асудан.
Отаның өмір жазындай
Бөледі нұрға жас ұлан!

Өмірлік ортақ тілегің,
Әрдайым алға атта бір.
Үйреткен солай Ленин,
Үйреткен солай Октябрь!

Ш. Мұхамеджанов.



Уездік партия комитетінің үйі.

дашылар коммунистерге қарсы үгіт жүргізді, жұрт көңілін басқа жаққа аударуға тырысты.

Осы уезде 1921 жылғы апрель айында естен кетпес бір оқиға болды. Қарқаралы ақбандылардың тұтқиыл шабуылына ұшырап, ойрандалды, сан қыршындардың өмірі қиылды.

Сол сойқанды көзімен көріп, зұлымдықтың куәсі болған жанды шежірелер күні бүгінге дейін тірі. Олар 1921 жылғы Қарқаралыда болған қайғылы оқиғаны басынан аяғына дейін баяндап бере алады.

Ол оқиға былай болған еді.

...Майданда жеңіліске ұшыраған капиталистік элементтердің бас сауғалап, жан-жаққа бытырап қашып жатқан кезі. Естері шыққан есуас бандылар жол-жөнекей бейбіт жатқан жұртқа ойран салып, атып-асып, талай айуандықтар жасады. Сондай бандылардың бір тобы Қытайға өтуді сағалап бара жатқан жолда Қарқаралыға жақындайды.

— Қарулы бандылар, баскесерлер келеді!

Бұл суық хабар Ақмола жақтан лезде тарап кетті. Большевиктер алдын-ала қам жасап, 70-тен астам барлаушы жіберді, бандылардың жолы тосылды, күзет қойылды.

Содан кейін Қарқаралыдағы большевиктер де, қала халқы да қаннен-қаперсіз жата берді.

* * *

Жазғытұрымғы күндердің бірі. Ымырт. Қала тыныштықта. Тек уездік комитеттің секретары Малашкиннің кабинетінде жиырма

шақты большевиктер жиналып, мәжіліс өткізуде.

Кенет, қаланың солтүстік-шығыс жағындағы төбеден ойқастап 50 шақты салтатты шыға келді. Жүрістері суыт. Асынғандары — қару. Неткен жандар, бұл! Ауызды жиып алғанша болған жоқ, бірнеше рет мылтық атылды. Сірә, өздерінің белгісі болса керек.

Жұрт дүрліге қалды. Ә, дегенше болмай, қаланы тұс-тұстан жау торлап, қара құрттай қаптады да кетті. Шамасы 3 мындай! Киімдері ала-құла, сақал-мұрт өскен, өрт сөндіргендей жүздері сұсты. Асынғандары — аңшы мылтығы, қолдарында — балта, айыр, қылыш!

Қалаға кіре салысымен-ақ сатыр-сұтыр мылтық атылды. Уездік комитет айнала қоршалып алынды. Себебі, бандылар мұнда мәжіліс өтіп жатқанын да, халықтың қаннен қаперсіз, қарусыз отырғанын да біліп келген еді.

Бұл сұмдыққа жол ашқан барлаушылардың сатқын басшылары болатын. Олар жаудың тақалғанын біле тұра, әдейі жол ашып берді, опасыздық жасады.

Бандылардың көздегені — алдымен, мәжілістегі большевиктерді ұстап, құрту. Аз топ тұтқиыл шабуылға не істесін?

...Уездік комитеттің алды қым-қуыт, біреуді-біреу біліп болмайды.

Әне, уездік партия комитетінің секретары Малашкин мен төтенше комиссияның бастығы Чигович архив үйіне қарай сытылып шығып, атты бандылармен айқасып жүр. Топ адамға қалай төтеп беруге болады? Екеуінің

оғы тиген жендеттер өлекседей сұлап жатыр.

Оқ таусылуға айналды. Не істеуге болады! «Бәрібір тірідей қолға түсуге болмайды,— деп ойлады Малашкин,— Азаптап өлтіреді. Одан да ақырғы оқ — өзіме!»

Коммунист Малашкин солай істеді де. Уездік оқу бөлімінің меңгерушісі Михаил Капитонович Хрусталеv пен соғыс комиссариатының қызметкері

Иван Федорович Ляпин де ақтық оқтары қалғанша берілмей, қасарысып бақты. Атысып жүріп, сан бандыны оққа ұшырып, аттан домалатты. Бірақ, амал не? Оқ таусылды, қолға түсті. Бұл екеуі де табанда өлтірілді.

Большевиктердің басым жаумен қалайша алысқандарын өз көздерімен көргендер олардың табандылығына, айдындылығына сүйсінеді.

— Сол күні түнде,— дейді 1921 жылғы оқиғаны көзбен көрген Ольга Ивановна Александрова, — қолға түскен коммунистер мен комсомолецтерді жалаңаш күйі дарға асты, қылышпен түйреп өлтірді. Тіпті, сұрқиялардың зұлымдығы сонша, табылған адамдардың кім екенін де тану қиын болды, олардың бастары кесіліп, беттері мылжа-мылжа болып қалған еді...

Сатқындардың көрсетуімен бандылар бір Қарқаралының өзінен 500-дей адамды тұтқындады. Оларға да көрсетпеген қорлықтары жоқ. Жер үйде сусыз, аш ұстады. Қалада болған үш күннің ішінде бандылар магазиндерді шауып, қоймаларды талқандады. Товарлар мен азық-түлікті талады, далаға шашты. Оқ теспеген терезе, қирамаған есік қалмады.

Большевиктер қаза тапты. Бірақ, олардың

төгілген қаны тегін кеткен жоқ. Кешікпей, Қарқаралыға Қызыл Армия бөлімдері жақындап, бандылар қаланы тастап қашты. Сол шегінген күйі олар Абралы тас жолымен Түндік сайына барған шақта Қызыл Армияның тегеуірінді отрядына кез болып, тас-талқаны шықты. Мың адамның өлігі қалды. Қалғаны тұтқындалды. Кек алынды, бандылар құртылды.

Совет өкіметі үшін күресте өмірін қиғандар өшпес із қалдырды.

— Солардың ішінде ет бауырым Әбжан да бар еді,— дейді Медеубаевтың інісі Абзалбек Медеубаев (қазір тірі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі) — ол ер еді, ерлік өліммен өлді. Әбжанның және оның жолдастарының өлімін еске алғанда ішімдегі лапылдаған жалынды, көздегі моншақтаған жасты су сепкендей басатын — олардың қазіргі орындалып отырған мақсаты, іс жүзінде асырылып отырған халқымыздың бақытты өмірі.

Иә, ержүрек коммунист Әбжанның інісі Абзалбек Медеубаев дұрыс айтады. Бостандық, бақытты өмірді аңсап, сол үшін қан төккен ерлердің ісі тегін кеткен жоқ, бүгінде салтанат құрып, жаңа дүниенің нұрлы шұғыласында өмір сүріп, жасап отыр.

Әбжан Медеубаев пен оның жауынгер жолдастарының ерліктері қадірлейтін де құрметтейтін

ерлік. Бұл есімдер — мың жасайтын, ұмытылмайтын есімдер!

Сүлеймен Құлбаев,

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының аға ғылыми қызметкері.

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ!

Бақытты өсірді
Ұрпағын —
Октябрь!
Басынан кешірді
Жылдарды ол отты ауыр.

Тойлаймыз жеңісін
Ғажайып думаны.
Қырық жыл!
Жемісін
Тердік ол туғалы!

Шықтық біз алаңға
Бүгін зор тойымыз!
Көңілді колонна,
Қанатты ойымыз!

Бес жасқа толмаған
Келеді Сабыр да.
Қанатын қомдаған
Көгершін қолында!

Өссін деп жас ұрпақ
Бейбіт күн астында
Тойлаймыз!..

Көңіл шат —
Ұқсайды тасқынға!

Мыңбай Рашев.



КЕЗЕКШІ

ӘҢГІМЕ



Осы мені жұрттың біразы біле бермейтіні несі? Мен ғой үшінші класта оқимын, атым — Садық. Бойымда да тапшылық жоқ, отыратын партам да биік.

Ал, өзіммен бірге оқитын Тәшен, Қасен, Сәлім, Мәлімдер мені ерекше жақсы көреді, жақсы таниды. Олардың арасында беделім де жоқ емес. «Қарындашыңды бере тұршы» десем, береді. «Түсіп кеткен борды стол үстіне қоя салшы» десем, тілімді алмайтын ешқайсысы жоқ.

Біздің оқытушымыз Жамал апай да мені онша жеккөрмейтін сияқты. Ылғи жанымнан өтіп бара жатып маңдайымнан сипап қоятыны бар. Тақтаға шақырса, жұмсақ қоңыр даусымен есімімді ғана айтады. Жауабыма риза бола қалса, жай ғана езу тартып күледі. Міне, оқытушым менің қандай асыл адам!

Қысқасы, шындығы керек қой, жолдастарым мені сыйлайды. Тек Мәлік маған ылғи ала көзімен қарайды. Мен білсем, оның ниеті қара.

...Үлкен үзілісте біріміз де қалмай, аула ішіне шықтық. Білектеріне жалпақ қызыл лента байлаған класс кезекшілері де ойынымызға араласып, жайраң қағады. Бізге олар бұйыра сөйлейді, біз бағынамыз. Ойын тәртібін сәл бұзып, аздап одырайыңқырап кетсек болды, қайтып ойынға қоспай қоюға да кезекшінің билігі жетеді. Міне, қорлық. Билік дегенде шек жоқ, не айтылса, сол орындалады. Ой, кезекші қандай бақытты адам?! Оған кім қарсы тұра алар.

Кезекшіні Жамал апайымыздың оң көзі десек те артық болмас. Қатты қызығамын. Кезекші болған кездерім есіме түссе, арқам кеңіп, бір жасап қаламын-ау. Күллі бала менің аузыма қарайды. Қысқасы, менің қадірім кенет артып кетеді. Тек... әттең, бір күн ғой, бір күн. Екі-үш күн қатарынан кезекші болғым келеді. Амал не?! Еһ, енді қашан келер екен менің кезегім? Сол күнді асыға күтемін.

Ал, «Тышқан мен мысық» ойынын біздің бәріміз де ерекше ұнатамыз. Әсіресе, мен мысық болуға сұмдық құштармын. Бала біт-

кеннің бәрі тышқан болып, оларды быт-шыт қылып қуып жүрсем деп қиялдайтынымды да жасырмаймын. Бірақ, амал не, ойын тәртібі көтермейді. Сонда да, бір тышқан болса да, өзімнен өлердей қорқып қашатынына мен неге мастанбаймын. Бүгін Тәшенді табандаған екі минут құдым. Өзі бір жүйрік, тұғжындап алып ұстатпай-ақ қойды. Ыза болмай көр; тас-талқан боп булығып, терлеп-тепшіп ашуландым, өкпем өшті. Дегенмен, тұрып қалғаным жоқ, шеңберді айналдыра қуа бердім. Айналадағы толған балалар мәз-мәйрәм болып, күлісіп жатыр.

Әрең дегенде ұстадым-ау. Бір кезде таңертең тамақтанбағаным есіме түсті де, класқа қарай тұра жүгірдім. Біздің кластың кезекшісі Мәлік есік алдында шап беріп омырауымнан ұстай алды.

— Жібер, — деп бұлқынып қалдым мен, — көйлегімді жыртасың. Жібер мені!

— Жоқ, болмайды, жөніңді айт. Қайда барасың? — Жолымды ол кес-кестей берді.

Осынша маған сенбей, ұстай алғаны қатты көңіліме келді. Несіне аянайын, даурығып жатырмын.

— Қажеті не оның саған? — деп қасарып тұрып алдым.

— Жоқ, айтасың, — дейді ол. — Әйтпесе, ешқайда бармайсың. Мен кезекшімін, рұқсат сұра. Тәртіпсіздік жасама.

Оның тесіле қараған көздері өңменімнен өтіп барады. Бір ерегіскен соң несіне тайынайын, Мәліктің таңқы танауынан бір шертіп қалдым да, итеріп жіберіп, ішке сымп бердім. Буфетке кіріп екі-үш пирожки сатып алып тамақтандым.

— Төртінші сабақтың соңынан Жамал апай бәрімізді де орнымыздан тұрғызып қойып:

— Бүгін тәртіп бұзған қайсысың? — деп сұрады. — Әркім өзі мойындайтын болсын. Кезекшімен күш сынасқан «батырмен» тілдесіп көрелікші.

Тұла бойым мұздап кетті. Бүйтіп қит еткенді оқытушыға жеткізе берсе, біз қайтып тату болмақпыз? Рас, жасыратын түгі жоқ, мен тек ашұым келген соң ғана итеріп жі-

беруге мәжбүр болған жоқпын ба? Оны неге ескермейді. Мәлікке қастық ойлаған ештеңем жоқ қой. Одан бұрын тіпті тату-ақ болатынбыз.

Оқытушы үнсіз әрқайсымыздың жүзімізге байыпты көз тастайды.

Міне, енді Жамал апай тура маған қарады. Не істеймін? Балалар да маған қарады. Енді қайтейін?

— Қадырғалиевтен басқаларың отыра берулеріңе болады! — деп әмір етті оқытушы бір кезде.

Қадырғалиев — дәл менің фамилиям, жаңылыс естіген ештеңем жоқ, тұра бердім.

Менің екі аяғым талды, әрі әлденеге қатты қысылып тұрмын. Отырғым келеді, рұқсат сұрай алмаймын.

Оқытушы жүзіме тағы тесіле қарады. Бұрын ылғи жылы жүзді оқытушым осы сәтте маған ерекше бір ызғарлы, айбарлы кескін байқатып тұрған сияқты.

— Бұл мәселені жолдастарың шешсін, — деді ол кенет класс ішін жедел шолып өтіп.

Байқаймын, Мәлікті іздейді. Иығын бір қозғап қойып, ол отыр. Мен жөнінде:

— Оның өзі бүлікшіл, мақтаншақ, — деп Қасен күңкілдесе,

— Жоқ, апай, кінәсін мойындаймын десе, ол мойындайды, — деп сенім білдіреді кішкене Тәшен.

— Ішке рұқсатсыз кіргенімен тұрмай, екі жерге қағаз қиқымдарын шашып тастапты, — деп өршеленді Мәлік.

— Кешірім сұраймын, — дедім тағы да амалсыз Мәліктің ыңғайына көніп.

Бала біткен мен жөнінде әртүрлі пікірлерін қысқа-қысқа айтып жатыр. Тек бір кезде Жамал апай ғана:

— Жарайды, мұндай өрескелдік енді қайталанбайтын болсын. Жолдастарың бұдан былай сені қатты қадағалап жүретін болады, — деді.

— Әрине, — дедім іштей қуанып. — Тәртіпті боламын.

Бірақ, жүрегімде Мәлікке деген ренішім сақталып қалды. Қайткенде де оны бір мұқатсам екен деймін. Бірінде, оқытушының көзін ала беріп, шиыршықталған қағаз қиқымын шертіп қалып ем, қақ тұмсығынан тиіпті. Мәлік бет-аузын тыржита, бір жақ езуімен маған қарап тілін шығарды. Қарай қой, тағы да қарсыласқысы келген екен. Көрсетермін саған...

Мен аузы-басы, тұла-бойы айғыз-айғыз қорқынышты баланың суретін салып, астына «Мәлік» деп жаздым да, оның алдына тастай салдым. Ол осы сәтте маған кіжініп тұ-

рып жұдырығын түйді. Мен де қарап қалғаным жоқ. Әй, бәлем, маған да кезекші болатын күн келер!..

Бір күні мұның да сәті түсті. Кезекші болдым. Қуанышымның шегі жоқ. Бала біткен айтқанымды екі етпей, не тілесем сол болып, бір көтеріліп қалдым-ау. Тек Мәлікті ғана алдымда құрдай жорғалатсам деймін іштей. Орайын аңдимын.

Бір сәт есіме аула ішінде әлі жиналмай жатқан қиыршық тастар түсті. Талай өзіміз сүрініп те жүрміз. Осыларды жинатып, тысқа тасыттырсам қайтер еді, ә? Бұл үшін мені ешкім де сөге қоймас. Тек Мәлік жуасыса болды. Тас жинауға көнбесе, еден жудыру тағы ойымда бар. Бұйырдым, болды. Бас тартып көрсін, көне. Мен кезекшімін.

Бір үзілісте оны шақырып ем, қасыма келді. Бұл жолы бас тарта алмады. Класс ішіне оңаша кіргізіп алып, мән-жайды тәптештеп түсіндіріп жатырмын.


— Саған бұйырып тұрмын, — дедім мен. — Бәрі мектеп ісі, өзіміз үшін.

— Оның дұрыс қой, бірақ, мен бұны орындай алмаймын, — деп кесіп айтты ол. — Жеке бастың өшпенділігі. Егер шынымен аула ішін тазарту керек болса, жүр өзің де, бар бала боп әп-сәтте бітіре салайық. Көне, ұйымдастыр.

— Жоқ, — дедім мен. — Рас, саған мен айтып тұр екем, сен бас тартуға тиісті емесің.

— Мұндай сөзіңді қой, — деді ол беті бүлк етпей. Өзімді-өзім ұстай алмадым. Ашуға тұншыққаным сонша, оны бір қолынан ұстай алып, жұлқып қалдым. Осы сәтте





қатарымыздағы парта үстінен домалап түскен сия сауытты көріп, абыржып тұрып қалдым. Стол асты көл-көсір. Аузыма сөз түспейді, не дерімді біле алмаймын. О, сұмдық, тағы да маскара болдым-ау!

— Сенің кесіріңнен бәрі, — дедім Мәлікке.

— Бәлеңді жаппа, — деп қарсыласты ол.

Сабақ бітісімен, топ баланың ортасында Жамал апай Мәлік екеуімізді тағы да тұрғызып қойып, істің мәнісін түсіндіруді қатал талап етті. Ақсары жүзі өртеніп қызарып, бұрынғы мөл-мөлдір қарақат көздері бұ жолы түйіле қарайды. Байқаймын, бізге қатты ренжіген сияқты.

— Бұ не істеп жүргендерің? Не шықса да екеуіңнен...

Бізде үн жоқ. Жасырынар жер таба алмай, бүрісіп мен тұрмын. Ұрлана қараймын, Мәлік менен гөрі еркіндеу тұрған сияқты. Бірақ, оның да көзі жыпылықтай береді.

— Кім төккен сияны?

— Итеріп жіберген Садық, — дейді Мәлік бар пәлені маған жапсырып.

— Өтірік айтасың, — дедім мен де өршеленіп.

Оқытушы бізді тоқтатып тастады. Арамызда болған жайды тәптештеп сұрап, менің Мәлікке қарсы бағытталған әрекетімнің бүге-шігесіне дейін біліп алды. «Қап, тағы да тұтылдым-ау» — деп қобалжи бастадым. Амал қанша, еріксіз тілім байланды.

Жамал апай Мәліктің отыруына рұқсат етті. Мен болсам, әлі тұрмын. Мейірімді адам еді ғой, бұ жолы да кешірім бере салуы мүмкін деп ойлаймын іштей. Жалтаңдап қарап қоямын. Жоқ, оқытушымның жүзі суық.

— Біз сеніп едік саған. Жалған айтады екенсің. Өткендегі уәдең есіңде ме? — деді бір кезде.

Мен қызарақтап, басымды ғана изеймін. Артық тілге келуге дәрмен жоқ. Балалардың бәрі іштен тынып, сұсты кейіппен үнсіз отыр. Оқты көздері тек маған қадалған. Өңменімнен өтіп барады.

— Кезекші болуға лайықты оқушы емесің, Қадырғалиев, — деді бір кезде Жамал апай. — Белгіңді тапсыр. Төгілген сия үшін жауап бересің. Еденді жуу саған тапсырылады. Өңгеміз класс болып, ұйымдасқан түрде аула ішін тазартатын боламыз.

Балалар оқытушының сөзін қостай жөнелді. Саусақтарым дірілдеп, қолымның қарындағы қызыл лентаны шеше бастадым.

— Сол керек еді өзіңе де, — деп Қасен дүңк ете түсті бұрыштан.

— Әрине, — дейді әлдекімдер әр жерден баяу ғана.

— Бәрі өзінен, — дейді домалақ Тәшен де маған сұқ саусағын шошайтып.

Енді білдім, мені қостап отырған бірі жоқ. Бұрынғы беделімнің ұшқыны да қалмағанына көзім әбден жетті.

Оқытушы апай мені өз жанына шақырып, тақта алдында тұрғызды да:

— Есіңде болсын, Садық, — деді. — Биліктің де шегі бар, бастық болдым деп басына берушілікке жол жоқ. Кезекші болмай-ақ жолдастарыңа қадірлі болуға тырыс. Олар сені мына қызыл шүберексіз-ақ сыйлайтын болсын...

Оқытушымның сөзі маған өзгеше ой салды. Бұрын жұрттың бәріне белгілі болуға тырыссам, неге екенін білмеймін, енді еш



көзге көрінгім келмейді. Бұрынғы қылықтарымның ерсілігін енді ғана түсіне бастадым. Тіпті Мәліктің менің алдымда кінәсіз екенін де іштей мойындадым.

Зейнолла Серіқалиев.

ӘЙТІМНІҢ ЕМХАНАҒА АЛҒАШҚЫ БАРУЫ

Осы жасқа келгелі Әйтiмнiң басы ауырып, балтыры сыздап көрген жiгiт емес-тi. Пәлендей шаруасы болмаған соң да өмiрi дәригер алдына келiп, тiл қатысып көрген де жоқ. Бiр күнi ойламаған жерден ауырып, түнi бойы кiрпiк iлмедi. Жар құлағы жастыққа тимей, ұзақ таңды көрер көзбен атқызды. Оның көзiнiң шүңiрейiп, жүдеп қалғанын байқаған көршiлерi де, үй iшiндегiлер де:

— Дәригерге барсайшы,— деп ақыл бердi.

Әйтiм емханаға келдi. Кiре берiс есiктiң алдында бес-алты адам кезек күтiп отыр. Жанының қиналғаны соншама Әйтiм аузын бiр жағына қарай қисайтып, маңдай терiсiн тыжырайтып, үнсiз тiстендi. Кезек күтiп тұрған адамдарға да қараған жоқ, дәригер отырған бөлменiң есiгiнiң тұтқасынан ұстай алды. Кезек күтiп отырғандардың бiрi:

— Кезексiз қайда барасыз?! — деп қарсылық бiлдiрдi.

— Ағайындар, түнi бойы әрең шыдадым. Жаным шығып барады, менi дәригерге жiберiндер,— деп жалынды Әйтiм. Қаны қашып бозарған өңiнен қатты ауырып тұрғанын байқаған жұрт оған қарсылық жасай қойған жоқ.

Әйтiм кiрiп келгенде, бөлме iшi қап-қаранғы едi. Сырғымалы машина бөлменiң дәл ортасында тұр. Сол жақ бұрыштағы кiшкентай көмескi шамның алдында үстiне ақ халат киген дәригер әйел Әйтiмнiң аты-жөнiн, туған жылын сұрап, қағазға жазып алды да:

— Белбеулiгiңiзге дейiн шешiнiңiз,— делi.

Әйтiм дәригердiң айтқанын үнсiз орындады.

— Берi, мына жерге келiп тұрыңыз. Абайлаңыз, мына темiрге басыңызды соғып алмаңыз,— деп дәригер бөлме ортасындағы әлгi машинаны нұсқады. Әйтiм қолымен сипалап дәригердiң көрсеткен жерiне келiп тұрды.

— Бiрiншi рет келiп тұрсыз ба? — дедi дәригер әйел.

— Я, бiрiншi рет.

— Ток! — дедi бiр уақытта дәригер өзiнiң көмекшiсiне. Әлгi көмескi шам да сөндi. Дәригер Әйтiмнiң алды-артына әйнектi рама-ларды қойды да, тiк тұрғызып, дем алдырып, бiресе оңға, бiресе солға қарай қисайтып көрдi. Екi алақанымен мықынын ұстатып бiресе кеудесiн кергiзе, бiресе сәл бүкшiтiп те көрдi. «Емделгенде ине шаншады. Қашау

жұмсайды» дегендi естiген Әйтiм онысын қашан iстер екен деп ойлап тұр. Дәригер бiр уақытта бұрыштағы шамды қайта жақты да:

— Ешқандай да ауру байқалмайды,— дегенде Әйтiм оның сөзiн бөлiп:

— Рақым ете көрiңiз. Мен түнi бойы ұйықтай алмай шықтым. Ауырып тұрғаным рас, емдей көрiңiз. Шыбын жаным шырқырап көзiме көрiнiп тұр,— деп қиналғанын айта бастады. Жанына сая iздеген ол дәригер емдемей қайырып жiбередi-ау деп қорықты.

— Жо-жоқ. Өкпеңiз де, жүрегiңiз де таза. Ешқандай ауруыңыз жоқ...

— Өкпем де, жүрегiм де емес, мына оң жақ азу тiсiм... Жеп барады, жанымды шығарып барады. Рақым етiңiз, бiрдеңе жасай көрiңiз...

— Шешiндiрiп, кеудеңiздi қарап жатқанда, ауыратын тiсiм едi демейсiз бе,— дедi дәригер қабақ шытып,— Мұнда неге келiп тұрсыз?

— Қайдан бiлейiн, мен сiздi күнi бойы ауырған тiсiмнiң тамырын iздеп жатқан шығар деп ойлап едiм,— дедi Әйтiм.

Әйтiмнiң кiрген бөлмесi рентгенология кабинетi екен. Дәригер оны тiс ауруын емдейтiн бөлмеге ертiп барды.

М. Дүйсенов.





Көкшетау қаласынан шыққан жүк машинасы соңына шұбатылған шаң ілестіре, Чкалов, Ленинград аудандарын баса өтіп, кең жазықтықпен ызғытып келеді.

Жүксіз кузовтың ішінде көсіле отырған екі жолаушының бірі сонау көк жиекпен жымдаса біткен жерге дейін көзге ілігер қара-құрасы жоқ қалың қау басқан тақтайдай алқаққа қадалумен отыр. Қанша қадалып, қанша көз айырмағанымен іздегенін кездестіре алмаған ол:

— Апырай, Қызылтуға дейін бір шок ағаштың болмағаны ма?! Тіпті бұл манда тоғайлы жер жоқ-ау тегі,— деді қасындағы жолаушыға бұрылып.

— Жоқ. Ағаш дегеніңіз бұл арада болмайды,— деді, ол басын самарқау шайқап.

Тағы да айналаға тесіле қараған әлгі адам, сәл ойланып отырды да:

— Ағашты қолдан отырғызуға да болмай ма?!— деді әлдекімге ренжігендей. Бірақ, қасындағыдан жауап бола қоймаған соң,— Сіз не дейсіз бұған? — деп жалт қарап еді, қасында отырғаны:

— Неге болмасын,— дей салды теріс қарай беріп. «Енді мазаламаңызшы. Бұл мәселені бәрі айтып келеді, бірақ не керек...» деген сөз тұрды оның көмейінде. Бейтаныс та соны түсінгендей жым болды.

Тек Қызылту селосына ене бергенде-ақ, бағанадан жабырқау отырған ол, жоғалғанын тапқандай ұшып тұра келді.

— Оһо, мына қараныз! Қандай әдемі отырғызылған. Ағаштың әртүрлісінен бар ғой өзінде. Қандай тамаша! Міне, бақ деп осыны айт!

Ия, осы жүк машинасының үстінде отырып тандана өткен адам кім болса, о болсын, әйтеуір осы сияқты ең алғаш Қызыл-

туға келген әрбір бейтаныстың айтатыны осы еді.

Бұл сөз болғалы отырған жасыл бақ — Кішкенекөл орта мектебінің тәжірибе участогі. Ұзыннан созылған үлкен мектеп үйінің оң бойын түгел алып жатқан жасыл аулаға жаңағы жолаушымыз зымырай өткен машина үстінде сырттай ғана қызығып өте шықты. Біз енді осы бақтың ішіне енейік.

Көк майса бақ ішіне аттай бере-ақ сезінетінің — бойынды сергітіп, көңіліңді жадырататын көк исі. Жіңішке де түзу аллеялардың екі жағы бұтақтарын жая, алақандай-алақандай жапырақтарын жеңіл сілкіп, дірілдей сыбырласқан теректер, салалы саусақтардай тіке көтерілген көрікті шок ағаштар.

Қатар түзеп сылана ырғалған теректердің бауырында шешек атқан жұпар иісті нешетүрлі қызылды-жасылды гүлдер.

Кіре берістен басталатын негізгі аллеяның оң жағы бөлек-бөлек төрт бұрыштарға бөлінген. Бұлар агро-биологиялық учасқотер деп аталады. Әрбір бөлекте түрлі дақылдар: бірінде ширатыла шұбатылған тамырлар мен бүркенген жасыл жапырақтардың ара-арасында діңкип жатқан асқабақтар. Салмақты бастарын ырғай иіп, біркелкі теңселген бітік егін. Ұзын сабақ бойын қуалай шашыла жасырынған қиярлар. Қоп-қою бұйра жапырақтардың саңлауларынан сығалай қараған қып-қызыл мөлдіреген помидорлар. Жасыл сабақтары фонтандай көтеріліп, иіле төгілген сәбіз жапырақтары. Енді бір аумақты бұрышта биік адам жасырынарлық жүгері егістігі. Одан да көлемділеу бір қалтарыста бастарындағы ақ гүлдері үкідей желбіреген сибирь картобының бітік жапырақтары.

Міне күз де келді. Бақ ішіне жаз айларындағы кішкене торғайлардың таңғы шырылы басталысымен-ақ келетін биология пәнінің оқытушысы Миллер бүгін де ертемен ояны. Ширақ адымдай, көңілді аралап түсті де, аз ойланып, сонау өткен күндерге көз жіберді.

1949 жыл. Карл Федорович Миллердің биология пәнінен жаңа ғана сабақ бере бастаған кезі. Мектеп директорының: «Қызылту — темір жолдан алыс аудан, сол себептен өзіңізге белгілі, мәдениеттен де жырақтау жер. Жиырма шақты жылдан бері бір түп ағаш отырғызылып көрген емес. Бірақ, қол қусырып отыруға болмайды. Бар мүмкіншілікті пайдаланып тәжірибе участогін жасау керек» деген сөзі оның да көкейінде жүрген ойынан дәл шықты. Әйтседе, «ойлаған ой орындалса жақсы. Орындалмаса ше? Мектеп қаражаты текке шығын болады ғой?!» деген хауіп Карл Федоровичті қатты толғандырды. «Аудан орталығында жалғыз-ақ терек бар, одан басқа бір де бір ағаш атаулы жоқ. Олай болса, осыншама жерге отырғызбақшы ағаштың өсуі күмәнді емес пе?» деп өзіне-өзі сұрақ қойып, бөгеле берді.

Бірақ, оны серпілдіретін үлкен бір сүйенері де бар еді. Ол — оқушылар күші. Осы жылдардағы 300-ге тарта оқитын мектеп балалары үлкен демеу болды. Осы күш оқытушыны «қайтсе де орындау керек» деген тұжырымға әкелді. Батылы бармай, іштей толқыған ойын ата-аналар комитетіне, педагогикалық совет алдына қойды. Ұсыныс қабылданды.

180 шақырым жердегі Омбы қаласынан тұңғыш рет жас шыбықтар алынды.

Бұрын оқулықтан ғана көретін ағаш тұқымын алғаш қолдарымен ұстаған мектеп оқушыларының жұмысқа қуана кіріскенін көргенде, Карл Федорович кең тыныстады, бірге қуанды. Тамыры құрғақ тартып, бұтақтары қуара бастаған жіп-жіңішке талдар шоқ-шоқ болып, тұңғыш рет, мектеп алдындағы кең алаңға қылтия жасырынды. Бірақ қуану әлі ерте секілді. Оған жету үшін, көп еңбек ету керек.

Ол да табылды: қашан жер тоңға айналып, суық түскенше жас шыбықтарды мәпелеу оқушылардың үлесіне тиді, әдетіне айналды.

Осылайша күн артынан күн жылжып баяу өте берді. Сибирь даласындағы қызылшұнақ аяздың зәрі тарқап, күнге қайтадан жан кіре бастаған кез. Түтеген боран көміп тастаған нәзік шыбықтар қар астынан босап, бой көрсетті.

Сөйтіп, тәжірибе участогіне алғашқы көктем келді. Осы көктем оқушылар көңіліне де көктем шуағын әкелді. Жас шыбықтар бүршік жара бастады.

Тәжірибе участогінде қызу еңбек басталды. Оқушылардың бір тобы егілген ағаш орнын қызыға жүріп шарбақпен қоршаса, енді бір тобы жас талдардың түбін босатып, су құйып, тыным таппайды. Еңбек пен тәжірибе қатар жүрді. Участокте алғашқы сабақтар басталды.

Міне, содан бері біраз жылдар өтті. Жас шыбықтар биікке бой созып, сүмбідей тұзу, әрі төгілген жапырақты көрікті ағаштарға айналды. Ағаштардың бауырына түрлі дақылдар егілді.

Өткен жылдар тізбегін осылайша көз алдынан өткізіп отырған Миллердің ендігі ойын шарбақтың арғы жағынан:

— Карл Федорович, қайырлы таң!

— Карл Федорович, саламатсыз ба? — деп жарыса шыққан балалар дауысы бөліп жіберді.

— А, балалар, саламатсындар ма! — деп, — Карл Федорович та оқушылармен амандасты. — Келіп қалдыңдар ма? Ал, бастаңдар!

Топтана бөлінген оқушылар сарыбауыр тартып қуарып түскен күзгі жапырақтарды жинастыра бастады. Ойылып-ойылып жатқан бос топырақ үстіндегі картоп сабақтары лезде бір жерге үйілді. Енді бірі төбе-төбе үйілген қу жапырақтарға от қойып өртеп те жатыр. Бұл — тәжірибе участогіндегі соңғы жұмыс еді.



С. Я. МАРШАК — 70 ЖАСТА

С. Маршак.

БАЯУ ОҚЫЛАТЫН ЕРТЕГІ

Ерте жаздым сендерге
Оқырсыңдар жай мұны.
Болған екен сұр кірпі
Болыпты және зайыбы.

Зайыбы да, өзі де
Жүреді екен жай тіпті.
Баласы да айнымай,
Екеуіне тартыпты.

Жолға шықты бір күні,
Ұзақ сапар алда әлі.
Кірпі — ана, кірпі — әке,
Баласы да қалмады.

Күзгі орманнан жол таңдап
Келе жатты балпаңдап.

Ұйқыда орман тұрғыны,
Ұйқыда құстар, аң біткен.
Тек қос бөрі сол түні
Ұйықтай алмай жүр тіптен.

Жүрді орманда ұрланып,
Екі қасқыр тімтінген.
Инелерін дүрдитті
Көріп мұны кірпілер.

Домаланды долтай боп,
Аяқ-қолын жасырды.
«Жем боласың бөріге
Жасыр, балам, басыңды».

Бала кірпі сескеніп,
Инелерін көтерді.
Тістеп көріп аш бөрі
Сезді хауіп-қатерді.



Аяғымен басты да,
Тістеуге бірақ аянды.
Арлан қасқыр қашты да,
Қаншық қасқыр таянды.

Қаншық қасқыр кірпіні
Айналырып қозғайды.
Бәрі жота, бәрі ине,
Құлақ қайда, көз қайда!!

Қасқыр бала кірпіні
Домалатып қалды бір.
Үлкен кірпі инесін
Оған пісіп алды бір.

Тікеніндей шыршаның
Кірпілердің инесі.

Қалшылдады бөрілер
Бұл не пәле, бұл несі!!

Ескертіп үлкен кірпілер:
«Қозғалма! — деді балаға, —
Біз бөріге сенбейміз,
Сен де сенбе оларға»

Кетпес еді бөрілер,
Кетпес еді бұл маңнан.
Шықпаса егер сол сәтте
Мылтық даусы орманнан.

Төбет үрді, үні өшті...
Екі қасқыр кеңесті:

— Жиырылмасам кірпідей
Қиын боп тұр жағдайым.
Айла істеп мен де бір
Адамдарды алдайын.

Деді сонда қаншығы:
— Инеміз жоқ біздердің
Түк шықпайды мұныңнан.
Тірі қолға түскенше
Жөн болады тығылған.

Әуре болып бекерге
Олжа таппай орманнан.
Құйрығын қысып қос бөрі
Тайып тұрды бұл маңнан...

Үш кірпі сау оралды,
Алдарында жатыр ін...
Сен осы бір ертекті
Ақырын, оқы ақырын.

Аударғандар:

Ә. ДҮЙСЕНБИЕВ,
Т. МОЛДАҒАЛИЕВ.

Бұлар 6—7-класс оқушылары. Олардың көпшілігі—жазғы жаникул уақытында да осы жасыл аулада еңбек еткен оқушылар. Маликов Тұрсынбек, Токпанов, Ысқақов, Мұқанов, Әуелов — Карл Федоровичтің ең сүйікті оқушыларының бір тобы. Соңғы жылдары қосылған 5—7-класстың жас натуралистері. Бұлардың ішінде Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысқандары да бар.

Әлгіндей болмай, бақтың іші мұнтаздай болып, аллеялардың беті жапырақтан арылды. Айналасына қайтадан қоршала қалған оқушыларға күлімдей қараған Карл Федорович:

— Міне, нағыз еңбек сүйгіштер! — деп, қаумалай құшақтап, мектепке қарай беттеді. Оқытушыларының қашанда бір іс аяқтал-

ғанша ызбарлы жүретін мінезіне сыр алғы оқушылар қазір оның жадыраған жүзіне қарап көңілді күліседі. Ойларында жүрген сұрақтарын таласа сұрап келеді.

— Карл Федорович, жаңа салынып жатқан мектепке көшкен уақытта участогіміз ғой, осы жерде қалады! — деп өкінеді бірі.

— Е, ол жерге барғанда бұдан да үлкен тәжірибе участогін бастамаймыз ба? — деді оқытушы оқушыларға қарап, — бұл 40 жылдық мерекеге деген сендердің тартуларын. Ал, 50 жылдық мерекемізге арнап бұдан да мол етіп жас шыбықтар қадаймыз!

Балалар да, «әрине қадаймыз!» деп қуана бас изеді.

Көкшетау облысы,
Арнаулы тілшіміз.

С. Жүнісов.

Қысқас бөлшек

Шіл бір қанатын астына басып ауыр күрсініп жатса, оның да жақындауға дәрмені жоқ, шілден он шақты қадамдай-ақ жерде жатыр. Ал, ол ептеп тыныққан кезде, құс та әл жинап, оның әзірейілше созып келе жатқан қолынан пыр етіп аулақ кетті. Қуу қайта басталды. Бірақ, ымырт жабылып кетті де, құс көзден ғайып болды. Әлі кетіп буыны құрыған ол, сүрініп аркасындағы жүгімен қоса құлады да, жағын жаралады. Ол қимылсыз ұзақ жатты, сонан соң бір жамбасына аунап түсіп, сағатын бұрады да, сол қалпынша таң атқанша қимылсыз қалды.

Тағы тұман. Одеядың жартысын ол орауға жұмсады. Биллдің ізі оған таптырмады, енді оның қажеті де жоқ. Аштық оны желкесінен ілгері итермелейді. Ал, егер... Егерде Билл де адасса не болмақ? Түске жуықтаған кезде оның әлі мүлдем құрып қалды. Ол алтынды тағы екіге бөлді, бірақ бұл жолы жартысын жәй әшейін жерге себе салды. Көшке жуық ол қалған жартысын да лақтырып тастады, оның өзіне қалдырғаны тек одеядың жыртық-жыртық қалдығы, темір шелек пен мылтық қана.

Оның басын бір үміт ойлары торлап алған. Неге екені белгісіз, өзінде бір патрон қалды деген сенім күшті онда. Мылтық оқтаулы, оны ол байқамай келемін деп сандырақтайды. Сөйте тұрса да, ол оқпанда оқтың жоғын біледі. Осы ой оның қыр соңынан қалмай қойды. Бұл оймен ол сағат бойы арпалысып, болмаған соң мылтықтың оқпанын қарап, онда ешқандай патронның жоқтығына көзі жетті. Оның сондағы меселінің қайтқаны соншалық, ол расында онан патронды шынымен тауып алуға тиіс адамша күйзелді.

Жарты сағаттай уақыт өтісімен-ақ, әлгі жанды жеген ой, оған тағы қайтып оралды. Ол қаншама ойламайын-ақ десе де, ойға тосу таба алмай қойды, сөйтті де өзіне медет ету үшін, мылтықты қайта тағы бір қарады. Кей кездерде оның алды бұлдырап беті ауған жаққа құр бекер зене беретін де болды, тәтті қиялдар мен көзге жылы алуан көріністер оның миын құртша шағады. Алайда, ол есін әудемде жиып алып отырды, аштық азабы оны шындыққа төндірумен келеді. Бір жолы оның есін бір сұмдық көрініс жидырды, оны көргенде ол есін танып құлап та кете жаздады. Ол мас адамдарша, теңселіп барып, әрең құлап кетпей қалды. Оның алдында ат тұр. Ат! Өзінің көзіне сенбейді. Шағырмақ жарықпен толқындана түскен қалың тұман көз алдын буалдырландырып жіберді. Көзін ашына кеп уқалады да, көз жанары шымылдықтан арылғанда, алдында тұрған ат емес, дәу қарагер аю екенін көрді. Айуан оған арбай, айбарлана қарайды.

Ол дереу мылтығын кезенбек боп, оғы жоғы кілт есіне түсіп, тоқтай қалды. Мылтығын түсіре сап ол, аңшы пышағын зер қынынан суырып-ақ алды. Оның алдында буы бұрқыраған ет — жайнаған өмір тұр!

Ол бармағын пышақтың жүзіне жүргізіп те өтті. Жүзі қысқандай, маңдай сүйек шағып көз түк көрмей атылып жарып салады! Бірақ, жүрек бұлқынып кетті де, дүрс-дүрс қағып, тоқтау салғандай-ақ, өрепкіп тынысты буындыра бір-ақ тоқтады, темір сақинамен қысқандай, маңдай сүйек шағып көз түк көрмей кетті.

Ашынған қаһарды асқақ хауіп тайдырып жіберді. Онда қалған әл-дәрмен жоқ, егер аю өзін тарпа басалса, не істемек! Ол енді барынша сұстана еңсесін тік көтеріп алды да, пышақты жалаң еткізіп, аюдың көзіне тесіле тұра қалды. Айуан да қорбаңдай ілгері басып кеп, өкіре екі аяғын көкке көтеріп, айбат шегіп тұра қалды. Егер адам тайқыса-ақ болды, аю тұра қуғалы тұр. Бірақ, үрейді сырып тастаған адам орнынан тырп еткен жоқ. Ақыра айбат шеге жансауғалаған аң да тағылықпен, құтырына арқырап тұр.

Селт етпестен қарсы алдында қасқия қарап тұрған бұл жұмбақ тұлғадан мысы құрып, аю тыжырына күж етіп тайқып берді. Бірақ, адам тырп еткен жоқ. Ол төнген хауіптен құтылғанша, қаққан қазықтай, тапжылмастан тұрды да, сонан соң барып, безгегі ұстаған жанша, дірілдеп, қалшылдап су мүкке жалп ете түсті.

Күшін жинап алған соң, тағы да қандай хауіпке тап боларын қайғырған ол, алға қарай тартты. Бұл енді аштан өлудің қайғысы емес-ті: енді ол аштықпен арпалысып дымым құриды деуден гөрі, бір дажалға жем боламын ба деп қорықты. Айнала қаптаған қасқыр. Мынау құлазыған даланың түс-тұсынан олардың ұлығаны құлаққа келеді де тұрады. қоршаған ауаның өзі де тынысын тұншықтыра, тарылта түскендей, соның зардабымен де ол, тымырсық ауаны желекпен желпіген адамдай, еріксіз қолымен серпіп тастады.

Оның үстіне, қасқырлар екеу-үшеу боп оның жолын кесіп өтетін болды. Олар, бірақ, онша жуықтамайды. Онша көп болып та көрінбейді, оның үстіне, бұлар бұғы жеуге құныққан, себебі, бұғы жөнді қарсыласа алмайтын сияқты. Шапшыған қасқыр қос аяқты көзге, ауызды тұмсыққа қабат салып бұғыны бұлтартпайды.

Кештете ол қасқырлар қарық болған жемтіктің шашылып жатқан сүйектерінің үстінен шықты. Бұдан бір сағат бұрын ғана ол шарқ ұрып асыр сап, мәзмәйрам боп маңырап жүрген бұғының тірі бұзауы еді. Сыртқы еті тап-тақыр мүжілгенімен, тіршілігі әлі де сеніп бітпегендіктен, сүйегінің іші қызғылтым жатқан жіліктерге адам төне қарап тұр. Бүгінгі күннің ақырына шейін оның да сүйектері осының кебін киіп қалуы ықтимал деуге бола ма? Расында, өмір — шолақ та, жалт етпе тез ғой. Ол тек осынша машақат. Ал, өлу болса, ол қиын емес — ұйықтайсың да кетесің. Өлім — азаптан құтылу, тыныштық табу. Олай болғанда, оның өлгісі неге келмейді?



Бірақ, ол ұзақ ойланып-толғанып тұрмады. Сәлден соң-ақ шөкелеп отырып алып, сүйекті аш бөріше сұғына күтір-күтір кеміріп, оған рең беріп тұрған өмірдің ақырғы қызғылт жұрнағын суыра сорып жатты. Еміс-еміс білінгенімен ауызға түспей сілекейін шұбыртқан тәтті еттің дәмі, оны жындандырып барады. Ол құшырлана кеп кеміреді сүйекті. Бірде сүйек сынса, бірде оның тісі сынады. Сонан соң ол сүйекті тастың арасына салып ұнтап, ұнтақты өлердей жалмайды. Асығып-аптыққан ол таспен өзінің саусағын да ұрып қалады, әйткенмен, қанша аптықса да, қолына тастың соғылғанына неге өзінің аурықсынбайтынына таңдануға да ол уақыт табады.

Қарлы, жаңбырлы ыбылыс қорқынышты күндер басталды. Қашан түнегені, қашан тағы да жолға шыққаны енді оның есінде тұрмайтын болды. Ол қай мезгіл екенін сезбестен мәңгіріп күндіз де, түнде де жүре берді, қайда жығылса сонда тыныс алды, іште сөніп бара жатқан өмір ұшқыны от алып қайта жалын берген кездерде ғана ол алға сүйретілді. Ол енді адам сияқты алға тырмысудан да қалды. Оны ілгері сүйретілдіретін қимас тіршілік, тіршіліктің өліп біткісі келмейді, сол үшін оның сүлдесін ілгері сүйрейді. Ол күйзелмейтін де болды. Жүйке-жүйкесі дел-сал меңіреуленіп, миын алуан-алуан ғаламаттар торлап, түсіне жәннеттер кіре бастады.

Ол бір бүршігін қалдырмастан жиып салып алған сүйек ұнтағын жалмап сорып келеді. Ол енді дөңге көтеріледі, суайрықтарды кесіп өтуді доғарды, тек кең өлкені жарып аққан үлкен өзеннің жайпақ жағасымен зеңе берді. Оның көзі тек көруді ғана біледі де, көргеніне мән бермейді. Оның жаны мен тәні қатар келе жатса да бір-бірін септер сілем әбден жіңішкеріп үзілуге жақындаған.

Бір күні жалпақ тастың үстінде жатқанда оның есі кірді. Шағыл күннің көзі басын балбырата жылтқан екен. Алыстан оның құлағына бұғылардың меңірегені естілді. Қар, жаңбыр, жел оның есінде буалдыр боп қалған, сондықтан ыбылыс сұрапылының соңына түскеніне қанша уақыт: екі күн не екі апта болғанын ол білген жоқ.

Ол қыбыр етпестен ұзақ жатты да, күн өзінің нұрлы шуағын оның құр сүлдесіне жылыта құйды. «Күн жақсы екен» — деп ойлады ол. Мүмкін, күнге қарап жатып оның беталыс бағытын анықтауына тура кеп қалар. Қинала-қинала тырмысып, ол бір жамбасы-

нан жатты. Анау төменде, сабасы кең, үлкен өзен баяу ағып жатыр. Өзен оған бейтаныс көрінеді, бұған ол қайран қалды. Ол мұның ағысын жәйімен бақылайды, өзі осы күнге шейін көзінен өткеріп келген төбешіктерден де жатаған мынау жалтыр төбешіктердің араларында өзеннің қалай ирелең қаққанын қараумен жатыр. Бейтаныс өзеннің ағысын елең етпестен, мең-зең қулай қарап, көзі көкжиекке жеткенде, ол өзеннің тұнық, шалқар теңізге құйғанын көрді. Бұл да оны тебіrentкен жоқ. «Сұмдық ғажал, — деп ойлады ол, — бұл әлде сағым ба, әлде көргенді шымылдандырып тұрған талмау көздің жанары ма?» Жалтыраған теңіздің ортасында тұрған кемеңі көргенде, бұл бұлдыр ойдың көлеңкесі екеніне оның көзі әбден жетті. Ол көзін бір секундтай жұмып, қайта ашты. Ғажал, көргені көзден жазбайды! Расында да ғажал ештеңе жоқ еді. Құлазыған бұл қу даланың мидай ортасында, оның оқтаусыз мылтығында ешқандай патронның жоғы сияқты, ешбір теңіздің де, кемеңің де жоғын ол біледі.

Оған ту сыртынан қырылдағандай, әлде болмаса, күрсінгендей бір дыбыс естілді. Сірескен әлсіз денені әрең қимылдатып ол ақырын екінші жағына аунап түсті. Жуық маңда көзіне ештеңе түспеген ол тағат сақтап біраз жатты. Әлгі қырылдаған, немесе күрсінген дыбыс тағы естілді де, қырынан жатқан екі тастың арасынан, өзі жатқан жерден әрі дегенде жиырма қадамдай ғана жерден ол қасқырдың сұрқай басын көрді. Оның осы күнге шейін көріп жүрген қасқырлары сияқты мұның құлақтары едіреймейді, көздері өлусірей мөліп қанталап кеткен, басы зеңіп төмен салбырайды. Расында, қасқыр ауру: ол күркілдеп, пысқырына береді.

«Міне, бұл енді елес емес — өзен» — деп ойлады да, көргенінен көзін алдырғысы келмеген ол, тіршілік дүниесін көрмек боп екінші жаққа қайта аунап түсті. Көз ұшындағы теңіз әлі сол күйінде жалтырап тұр, кеме де табырая көрінеді. Бәлкім, осының өзі шын шығар? Ол көзін тарс жұмып, ойға шомды, сөйтіп, ақыр аяғында ол мұның не екенін ұқты. Ол Диз өзенінен аулақтай, солтүстік-шығысқа қарай ойысып жүрген екен де, Коппермайн өзенінің аймағынан шыққан екен. Ағыны баяу, кең арналы мынау өзен сол Коппермайн екен, анау жалтырап жатқан теңіз — Мұз мұхиты болды. Мынау кеме — Маккензи өзенінің құйылысынан шығысқа қарай сонша шығандап кеткен, кит аулаушы кеме екен, ол Тәж шығанағында тұрған болар. Ол бір заманда көрген Гудзон компаниясының картасын есіне түсіргенінде, оған бәрі де түсінікті, бәрі де айқын болды.

Ол басын көтеріп отырды да, өте шұғыл істер туралы ойлады. Одеядан жасаған аяқтағы орау борша-борша болып біткен, аяқтары қып-қызыл шақа, қаны шығып қажалған. Бұл — ең соңғы одеядан жасалған орау еді. Мылтығы мен пышағын жоғалтқан. Баскиімі де, астарына тығулы сіріңкелермен қоса, бір жерде қалып кеткен, оның есесіне пергамент қағазға орап қойын қалтасына тыққан сіріңкесі құпқұрғақ, аман қалған. Ол сағатына қарады. Сағат әлі жүріп тұр, ол он бірді көрсетеді. Әлбетте, ол оны бұрауды жадынан шығармаған.

Ол самарқау, есі толық орнында. Әл-дәрмен қалмаса, бітсе де ол еш жерінің ауырмайтынын сезінеді. Оның тәбеті де ештеңе тартпайды. Тамақ туралы ойлаудың өзі тіпті оған жиренішті. Талғамай аузына не түссе, соны жеумен болса, ол тек соқыр сезімнің итермелеуі ғана. Ол штанының балағын тізесіне дейін жырттып алып, онымен аяғының басын орады. Неге екені белгісіз, шелекті тастамаған. Оның өзінің алдын ала сезініп отырғаны сияқты, кемеге қарай ауыр сапар шегуден бұрын, су қайнатып бір ыстық ішуі керек сияқты.

Оның қимылының бәрі сылбыр. Сал соққан адамша әлсіз діріл қағады. Құрғақ мүк жимақ боп еді, бірақ буынын бекітіп тік басып тұра да алмады. Бірнеше мәртебе орнынан көтерілмек болып ұмтылды да, ақыры болмаған соң, төрт аяқтап сүйретіле жылжыды. Өстіп жүріп ол бір кезде ауру қасқырға жуық келіп қалды. Жыртқыш амалсыз қағыла түсті де, оның бетін әлсіз тілімен жалаған болды. Ол да оның тілінің сау, қызыл емес, қабарып кеткен сарықошқыл екенін байқап қалды.

Су қайнатып ішкеннен кейін, ол әлі жоқ болса да, аяғын тік басып тұруға, тіпті жүруге де шамасы келетінін сезінді. Бірақ, жүре бастаса минут сайын кідіріп дем алуға тұра келеді. Ол әлсіз аяғын сүйрете беталды басса, қасқыр да әлсіз сүйретіле оның соңынан ұмтылады.

Сөйтіп, бұл түнде, жалтыраған теңіз қараңғылық құшағына кіргенде, бұл адам оған ең көп дегенде төрт милдей ғана жуықтағанын ұқты.

Түнде ол ауру қасқырдың үнемі жөткіріп жатқанын, кейде бұғы бұзауларының мөңірегенін естіп жатты. Айналадан оған тіршіліктің, — дені таза, бойы сергек тіршіліктің — демі естіледі, ал ол болса, мынау ауруы мендеген қасқырдың бұл ауру адам менен бұрын өледі деген үмітпен, соңынан өлімтігін сүйреп тырмысып келе жатқанын сезеді. Ертемен көзін ашып жіберіп, ол өзіне қасқырдың қомағайлана да енжар қарап тұрғанын көрді. Қалжырап бұралқы итке ұқсап, құйрығын қысып, басын салбыратып жіберіп ысқаяқ желден дір-дір қаққан ол, даусы қырылдап әрең шыққан адам үніне аузын ырсыта аузын шықыратты.

Ертеңіне күлімдеп күн шықты да, жолаушы сәске бойына жалтыраған теңіз бетіндегі кемеге қарай бір сүрініп, бір жығылып жүрді де отырды. Күн шайдай ашық. Бұл солтүстік кеңістіктің қарға адым жазының басталуы еді. Оның бір аптаға созылуы, болмаса ертең, я бүрсігүні бітіп те қалуы ықтимал.

Түстен кейін ол бір ізге кезікті. Бұл тік жүрген емес, төрт аяқтап сүйретілген жанның ізі. Ол, мүмкін бұл Биллдің ізі шығар деп ойлады да, оған көңіл аудармастан сүле-соқ қалдыра салды. Оған бәрі бір сергуден, сезінуден қалған. Ол енді аурудың өзін елең қылмайды. Асқазаны, жүйке тамырлары мүлуге кеткен сияқты. Сонда да оның ішіндегі әлі суынбаған тіршілік алға итермелейді. Оның әл-дәрмені құрып әбден біткен, сонда да оның бойындағы тіршіліктің өлгісі келмейді, сол тіршіліктің өлгісі келмеуі себепті бұл адам батпақтағы жидектерді де, күлшабақтарды да жеп келеді, қайнаған су ішіп, көзін алмастан қасқырды да аңдумен келеді.

Ол әлгі төрт аяқтап сүйретілген адамның ізімен жүріп отырып көп ұзамай-ақ іздің құрдым біткен жеріне душар болды. Су мүктің үстінде оның таптақыр мүжілген сүйектері мен қасқырдың сайраған іздері ғана қалыпты. Ол тап өзінің қалтасы сияқты, сықап тұрып толтырылған бұғы терісі қалтаны көрді — оны үшкір тістер тесіп тастаған. Әлсіз саусақтарының мұнша ауырлықты ұстап тұрар дәрмені болмаса да, ол бұл қалтаны көтеріп те алды. Билл мұны өле-өлгенше қалдырмаған-ау, ха-ха! Ол әлі Биллді келемеждейді, ол тірі қалады, ол бұл қалтаны сонау жалтыраған теңіздің ортасындағы кемеге апарды. Ол қарлыққан қарғаша, жиренішті күлкімен, күр еткенде, ауру қасқыр да оған мұңая ыр етті. Адамның үні бірден өше қалды. Егер бұл Биллдің өзі болса, егер Биллден қалған бар қалдық мынау ішіндегі қызыл рең тарап бітпеген тап-таза ақ сүйек қана болса, онда мен оны қалай келемеждемекпін?

Ол теріс айналды. Иә, Билл оны қалдырып кеткен, ол солай істесе де, ол оның алтынын алмақ емес және оның сүйегін кемірмек емес. Ал, Билл болса,

Билл менің орнымда болса, осыны істеген болар еді деп, ол ілгері тырмысты.

Ол тырмыса-тырмыса кішкене көлге жетті. Майда шабақтар іздеп оған үңілді де, бірдеңе шағып алғандай, кекжең етті. Ол судан өзінің жүзін көріп қалды. Судағы жүзінің қорқыныштылығы оның басыр жанын да шымшып алғандай түршіктіріп жіберді. Көлде үш шабақ жүзіп жүр, бірақ шелекпен төгіп тастауға оның суы тым көп, шама жетпейді. Ол шабақтарды шелекпен ұстамақ боп біраз әуреленді, бірақ ештеңе шықпаған соң оны да тастады. Ол әлсіздіктен суға құлап түсіп кетіп қалады екемін деп қорықты. Осы себеппен құмқайырларда көп бөренелер жатса да, оларға мініп өзенмен ағуға батылы бармады.

Бұл күні ол өзі мен кемеңің арасындағы қашықтықты үш миль қысқартты да, келесі күні екі миль ғана жылжыды, енді ол Билл сияқты, төрт аяқтап қана жылжиды. Бесінші күннің ақырында кемеге шөйін әлі де болса жеті миль қалған, ол болса енді күніне бір миль де жүре алмайды. Қарға адым жаз әлі де өте қойған жоқ. Ол төртаяқтап сүйретіледі де, кейде жалп етіп құлап ессіз жатады, сонда да оның соңынан, бұрынғы қалпымен, қырылдай, жөткіре ауру қасқыр да қалмай ере береді. Бұл адамның тізесінің де, табанының да еттері сыдырылып май шығып қалған; үстіндегі көйлегінен екі рет жыртып алып тізесі мен аяғын ораса да, қызыл жоса қанның ізі оның артынан мүктің, тастың бетінде шұбырып отырды. Бір ретте, ол артына қарағанында, қасқырдың сол қызыл жоса ізді обырлана жалағанын көріп, егер бұл қасқырды бұрын өлтірмесе, өзінің дағдыры немен бітерін ол айқын көрді. Міне осыдан кейін барып, рұмырда тым некен-саяқ болатын, ең қатал арпалыс басталды. Төрт аяқтап сүйретілген ауру адам мен оның соңынан қиралаңдаған ауру қасқыр, міне, шалажансар осы екеуі-бірі мен бірі арбасып, қу далада, қу жанын сүйретумен келе жатыр.

Мынау сау қасқыр болса, оған адам мұнша қарсыласпаған да болар еді, сонда да бұл рақымсыз зымиянның, тіпті, өлімтіктің десе де болады-ау, аузына түсуді ойлау оны тыжырынтады. Оның тұла бойы шымырлап кетті, есі қайтадан ауа бастады. Енді соқыр сезім тәтті, адамгершілік қиялына бөкті,



сөйтіп онан әрі оның айыққан уақыттары азая, сирей берді.

Бір жолы ол тап құлағына кеп тиген дем лебінен есін жиып алды. Ол қасқыр екен, сескене шегініп қалды да, әлсіздіктен қираң етіп құлай кетті. Мұның өзі әжуә іс болса да, адам оған миық та тартқан жоқ. Өл тіпті шошынған да жоқ.— меніреу, делсал, қорқуды да елең қылмайды. Өйі сәл сейілген соң, ол оқиганы бағдарлап біраз жатты. Кемеге шейін енді, көп дегенде, төрт мильдей ғана қалған. Шымылдықтанған көзін сүртіп ол кемеңі ап-айқын көрді, жалтыр теңізді жарып тұрған ақ желкенді қайықты да көрді. Бірақ оның сол қалған төрт мильді өтерлік дәрмені жоқ. Ол мұны біледі де, сөйтсе де селсоқ, тынышсызданбайды. Ол енді жарты мильде жылжи алмасын біледі. Сонда да оның өмір сүргісі келеді. Осынша азап қасіреттерді басынан кешіргеннен кейін өлудің өзі масқара сияқты. Дардыр қилы-қилы қиындықтарға душар қылды. Тіпті өлім аузында тұрып та ол өлімге бой ұсынбайды. Мүмкін, бұл барып тұрған есуастық та шығар, бірақ сонда да ол, ажалдың қанды шеңгелінде тұрып-ақ, онан тайқымастан, қасқия қарап, оның өзіне тап берді.

Ол көзін жұмды да, қалған қуат сілемін бойына жандәрмен шыжымдап жинады. Өзінің бүкіл денесін сел басқандай езіп жіберген меніреу сезімге жеңдірместен ширай түсті. Осы сезім өрекіп өрлеген сайын, тыныштықтан саңылау алған сана буалдырланып кетеді. Бір кездерде ол есеңгіреп шым-шытырық бір дүниенің ішінде жүзіп бара жатқандай болады да, бойда қалған жігердің жұрнағы шым-шытырықтан жарық дүниеге қайта алып шыққандай болады.

Ол қыбыр етпестен шалқасынан жатқан күйінде, қырылдаған қасқыр демінің өзіне жуықтап келе жатқанын естиді. Ол бірте-бірте созалаң жуықтайды, уақыт та шексіз өтпей қояды, сонда да адам бір мәртебе де қыбыр етпейді. Міне дем нақ құлақтың үстінен естілді. Қабарып кеуіп қалған қатты тіл жағын түрпідей тырнап та өтті. Оның қолы жоғары серпілді — жоқ, жоғары серпу оның тек ойында ғана болды — саусақтарын, қыран шеңбелінше батырмақ боп, ұсынып еді, құр ауаны қармады. Шапшаң, тегеурінді қозғалуға күш керек, ал онда күш жоқ. Қасқыр төзімді, итжанды, бірақ адамның төзімділігі де онан кем соқпайды. Сапырылысқан шым-шытырық есеңгіреулермен, өзін жеуге келе жатқан, егер шамасы болса, оны өзі бұрын жегісі келетін қасқырмен арпалысып ол жарым күн жатты. Есеңгіреулер шым-шытырық басып, ол түс көрумен ұзақ жатады; сол уақыттың бәрінде — түсінде де, өңінде де ол: міне, қырыл дем қазір естіледі, түрпі тіл тәнімді азалтайды деп күтумен жатады.

Демді есіткен жоқ, бірақ түрпі тілдің қолына тигенінен ол оянып кетті. Адам күтумен жатыр. Қасқырдың азуы оның қолын әлсіз қысады, қысу онан әрі қатаяды — жыртқыш соншама ұзақ күткен азығына азуын, бар күшінен қарш кіргізбек болады. Иә, адам да оны ұзақ күткенді, сондықтан да оның тіс тілгілеген қолы қасқырдың жағын қарыстыра қысады. Тап сол бұлқынған әлсіз қасқырдың жағын дәрменсіз қол әлусірей қысып тұрған кезде, оның екінші қолы созылып барып қасқырды қармады. Енді бес минут өткен шақта адам өзінің алпамса салмағымен, қасқырды тұншықтыра, астына басты. Қасқырды тамағынан буындыруға оның қолының әлі жетпеді, сонан соң ауызды қасқырдың тамағына салды, ауыз жүнге толды. Тағы жарты сағат өткенде адам жылымшы жылы қанның тамағынан сылқ-сылқ жұтылып жатқанын сезді. Ішін ыстық қорғасын күй-

ғандай-ақ елжіретіп барады, ол бұған жирене тістеніп, төзіп жатыр. Осыдан соң адам шалқасынан аунап жатты да ұйқыға кетті.

Кит аулаушы «Бедфорд» кемесінде ғылыми экспедицияның бірнеше адамы келе жатқан еді. Міне солардың, кеме үстінде тұрып, жағадан бір жосын тұлғаны көзі шалып қалды. Ол құмның үстінде созыла сүйретіліп теңізге жылжиды. Ғалімдер мұның не екенін ажырата алмай қойды, сонан соң табиғат сынаушыларына тән қасиетпен олар қайыққа отыра сап, жағаға тартты. Олар шала-жансар тұлғаны көрді, бірақ мұны адам деп атау мүмкін емес еді. Ол ештеңені естімейді де, ештеңені түсінбейді де, тек дәу құрт сияктанып, құмды құша жиырылады. Өл қаншама жиырыла тырмысқанымен жөнді ілгерілей алмайды, сонда да ол кері шегінбестек қайта бүкшіе, бұлқына тырмысумен сағатына жиырма қадам шамасы ілгері жылыстағанға ұқсайды.

* * *

Үш апта өткеннен кейін, кит аулаушы «Бедфорд» кемесіндегі қойкада жатып бұл адам, өзінің кім екенін, қандай азаптарды басынан кешіргенін егіле еңіреп отырып, үздік-үздік айтумен болды. Ол өзінің анасы туралы, Оңтүстік Калифорния туралы, алқызыл гүлдер мен апельсин ағашының ортасында бөккен үй туралы, тағы да әлденелерді қақыратып мінгірлейді.

Тағы бірнеше күндер өткен соң ол енді ғалімдермен, капитанмен бірге кемеңің кают-компаниясында стол қасында отырды. Ол тамақтың молдығына қуанады, басқа адамның аузына түсіп кеткен әрбір үзім тамаққа қызғана қарайды да, қатты өкіну сызын білдіреді. Оның есі орныққан, дұрыс та, бірақ, сонда да столды қоршап отырғандардың бәрінен жиренетінін сезінеді. Оның жанын жеп бара жатқан сол тамаққа тоймай қаламын деген обыр құлқын. Ол азық қорының қанша екенін аспазшыдан, қызметкерден, капитанның өзінен де өзеурей сұрастырады. Олар оны ылғи, азық жетеді деп жұбатуден болады, сонда да ол ешкімге сенбейді, өз көзімен көріп көңілін демеу үшін, көзді ала беріп, азық бөлмесіне сығалайды.

Оның оңалып келе жатқаны байқала бастады. Күннен күнге жуандап барады. Ғалімдер басын шайқап, түрлі жорамалдар жасады. Онан тамақты тетки бастап еді, сонда да оның көлденеңі, әсіресе, бөксесі күмпіп кетті.

Матростар өзара күлісіп жүрді. Өйткені, мұның мәнісін олар білетін. Кейін, бақылай келе ғалімдерге де, мұның мәнісі айқын болды. Ертеңгі астан кейін ол кемеңің қуысына тығылып алып, нағыз қайыршыларша, көзіне түскен матростарға қолын жаятын. Матрос мырс етіп, оған бір кесек сухарды ырғытып жібереді. Ол сухарды ашқарақтана қағып алып, оған алтынға сұқтанған сараңдарша сүзе бір қарап, қойнына сүнгітіп жіберетін. Мұндай мезіретіні күле рақаттанып, оған өзге де матростар беріп жатады.

Ғалімдер сөйлесуді қойып, оның өзін өзімен қалдырды. Сонда да олар астыртын оның қойкасын қарап жүрді. Матрацы сухарға толып кеткен, қалтарыс атаулы толған сухарь. Ал, адамның өзінің есі түзу, қаз қалпында. Ол тек ашаршылық болып қала ма деген үрейде, бар гәп осында. Ғалімдер бұны қояды десті. Расында да ол мұнысын «Бедфорд» кемесі Санфранцискоге келіп тоқтардан бұрын-ақ қойды.

Орысшадан аударған М. НҰРТАЗИН.

ШАҢҒЫНЫ ҚАЛАЙ КҮТУ КЕРЕК?

Балалар, сендер шаңғы тебүді жақсы көресіңдер. Ол — үлкен өнер. Енді сол аяқтарындағы шаңғы деп аталатын спорт құралын және оны күту жолдарын сендер білесіңдер ме? Әрине, біразын оны құр тепкендерің болмаса, біле қоймайсыңдар. Ал, білу керек.

Шаңғы құралына кіретіндер: шаңғы, шаңғы таяғы, шаңғы майы, шаңғы бекіткіші. Егерде осы бұйымдар әруақыт мұқият қараудан өтпесе, онда шаңғышының жаттығуына үлкен бөгет жасайды.

Міне, сондықтан да шаңғы құралын күту, сақтау ісіне көп көңіл бөлген жөн.

Шаңғы спорттың басқа құралдарына қарағанда, өзгеше күтуді керек етеді. Дұрыс күтілген шаңғыны көпке дейін пайдалануға болады және ол бұрынғы фабрикадан шыққан ұшқырлық, майысқақтық қасиетін сақтайды. Шаңғы дұрыс күтілмесе, ол бұрынғы формасынан шығып, салмақ түсетін иілме жері (весовой прогиб) жазылып бұзыла бастайды.



Шаңғының формасын бұзбау үшін оны қарамаймен (смола) майлау керек. Қарамаймен майлау әдісі - мынадай: шаңғыны жоғары көтеріп бір затқа сүйеп қойып, дәнекерлейтін шаммен (паяльная лампа) қыздырады. Шамның оты шаңғыдағы бұрынғы майлаған қарамайды ерітеді. Дәл осы кезде құрғақ шүберекпен еріген майды дереу сүртіп тастау керек. Сөйтіп шаңғыны тазалағаннан кейін, оның табанына қайтадан жаңалап қарамай жағып, тағы да дәнекерлейтін шаммен қыздыру керек. Оттың жалынымен шаңғы қызады да, жағылған қарамай оның табанына сіңе бастайды. Енді шамды басқа жаққа қоя тұрып, шаңғының бетін шүберекпен тағы бір рет мұқият сүргү керек.

Міне, осы әдісті үш-төрт рет қайталау арқылы шаңғы дұрыс майланатын болады. Қайталап



майланған шаңғы қарамайды бойына көбірек сіңіреді де, өзіне суды өткізбейтін болады.

Шаңғыны майлау кезінде ескеретін бір жай дәнекерлейтін шамды абайлап қолдану керек, яғни оны бір жерде көп ұстамай шаңғының үстінде өне бойы жүргізіп тұру керек. Мөлшерден артық қыздырылған шаңғы морт кетіп сынғыш келеді.

Дәнекерлейтін шам болмаған жағдайда, шаңғыны жай оттың (костер) жалыны арқылы да майлауға болады. Мұнда да майлау әдісі жоғарғыдай жүргізіледі.



Шаңғыны майлап болған соң табандарын бір-біріне қаратып ортасына распорка қоюды ұмытпау керек. (Распорка — екі шаңғының салмақ түсетін иілме жеріне қойылатын кішкентай тақтай). Дұрыс распоркада тұрған шаңғы өзінің белгілі салмақ түсетін формасын (весовой прогиб) жоғалтпайды.

Жоғарғы айтылғандардан басқа тағы бір көбірек кездесетін жайсыздық — шаңғының қисайып кетуі (перенос). Қисайған шаңғымен сырғанау өте қиын. Сондықтан, қисая бастаған шаңғыны тездетіп түзетуге кірісу керек. Түзету әдісі: шаңғының қисайған жерін қара-

маймен майлап, отқа қыздыру керек. Шаңғының сол майысқан жері қызғаннан кейін, оның екі жағынан екі тұзу затпен таңып тастап, бір ауыр заттың астына, не болмаса, әдейі орнатылған станокке қою керек, шаңғы суып біраз тұрғаннан кейін бұрынғы қалпына келеді.

Сырғанап келе жатқанда шаңғы бір қатты затқа (тасқа, ағашқа) тисе, оның шытынап жарылып кетуі де мүмкін. Мұндай жарықтарды бітеу үшін су өткізбейтін (водоупорный) желім қолданылады. Шаңғыны жылына қарамаймен бірнеше рет майлау қажет. Қарамай табылмаса, № 1 шаңғы майын қолдану керек. Әр жаттығудан оралған кезде шаңғының табанына жұққан қарды сүртіп тұруды ұмытпаған жөн. Міне, осындай күту арқылы ғана шаңғымен дұрыс сырғанауға болады. Жарыстарда жеңіске жетудің кілті де күтілген шаңғыда екенін еске ұстау керек.

М. ТАНИКЕЕВ.

Қазақтың физкультура институтының шаңғы спорты кафедрасының аға оқытушысы.

№ 7103 ПУШКА


Соғыстың соңғы айлары өтіп жатты. Біздің танктеріміз, зеңбіректеріміз, жүк машиналарымыз да батысқа қарай жылжыды. Осылардың ішінде қарапайым № 7103 пушка да бар еді. Бұл пушка жаудың танктерін Висла мен Одерде, Прага жанында, Балотон көлінде де талай рет талқандады. Осы пушкалардың ішінде басқаларынан ерекше бір пушка бар еді. Ол пушканың стволына орнатылған сары жезде:

«Менің нағашым Андриенко Устин Федоровичке. Менің бұл қарапайым сыйлығым фашистік Германияны тез жеңуге көмектессін. Сіздің жиеніңіз Толя Андриенко» — деген жазу бар болатын.

Совет Армиясы өзінің туған қаласы Одессаны жаудан азат еткенде Толя Андриенко 9 жаста еді. Ол бір күні өз үйінің ауласынан ішіне бір жарым миллион сом ақша салынған банка тауып алды. Толя бұл тапқан қымбат дүниені Отан қорғау комитетінің жанындағы фондқа тапсырып, өз ағасы Устин Федоровичке арнап ең жақсы пушка жасап берілуін өтінді. Оның бұл нағашысы артиллерист еді. Толяның тілегі орындалды.

Қазір ол пушка Ленинградтың тарихи артиллериялық музейінде сақтаулы тұр. Ал, оның «иесі» Толя Андриенко қазір ер жетті. Өзі де артиллерист болып шықты.

И. МАСЛЕННИКОВ.



**САТТАР
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЖИНАҒЫ**

Кәрім бір демалыста кітап дүкеніне барып еді: «Саттар Ерубаетов Шығармалары» деген көкшіл қалың кітапқа көзі түсті. Сатып алып оқып шықты.

Одан ол «өмір деген өксігін баса алмай, өнерінің барлық гүлін аша алмай» өткен талант иесінің өмірімен танысты.

Мейрімсіз ажал оны 23 жасында арадан алып кетті. Бірақ, Саттар сұм өмірді өзінің «мәңгілік өмірімен», яғни творчестволық еңбегімен жеңді. Сөйтп, Саттардың бір өмірі бітіп, екінші өмірі басталады. Ол өмір — оның отты қаламынан туған «Менің құрдастарым» романында, «Бақыт», «Мәңгілік өмір» новеллаларында, «Өмір», «Шахтер», «Меруерт» атты балладаларында, тағы басқа толып жатқан тамаша жырларында екенінде күмән жоқ.

Саттар «Менің құрдастарым» романында «түннен де қараңғы» кешегі өмір мен «қиялдан да күшті» бүгінгі шындықты көркем суреттермен баяндады. «Бақыт» деген новеллада ол:

«Бақыт» деген өмірмен қатар келмейді екен, өмірмен араласып, өмірмен бірге келеді екен. Бақыт дегеніміздің өзі — біздің өмір екен» деген терең мағналы қортынды жасаса, «Мәңгілік өмір» новелласында өлімді — өмірге, қайғыны — қуанышқа жеңдіреді де, мәңгілік өмірдің, өлмеушіліктің сырын ашады.

Саттар Ерубаетов дарынды жазушы болумен бірге, әрі талантты ақын. Бұған оның «Өмір», «Шахтер», «Меруерт» атты балладалары, «Ақын», «Достық», «Көмір», «Көктем» атты өлеңдері толық дәлел.

Кітапты басынан-аяғына дейін оқып шыққан Кәрім:

— Саттар шығармалары жақсы екен, — деді.
Оны басқаларың да алып оқындар!

**ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ
ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАРЫ**

Саттар шығармаларын оқып болған Кәрім бір жолы тағы да біраз кітап сатып алды. Соның ішінде, әсіресе, оған біреуі өте қатты ұнады. Бұл — Сұлтанмахмұт Торайғыровтың таңдамалы шығармалары еді. Өйткені, мұнда оның өзіне бұрыннан таныс «Шәкірт ойы», «Туған еліме», «Оқып жүрген жастарға» деген өлеңдер бар екен. Бұл өлеңдерді Кәрім өзі де талай тақпақ етіп айтқан болатын. Кітапта жалғыз жанағы өлеңдер ғана емес, одан басқа да көптеген дәмді де тартымды шығармалар бар екен. Кәрім «Кедей», «Көшу», «Айт», «Қымыз» деген өлеңдерді оқығанда, кедейлердің аянышты ауыр халін, ескі қазақ аулының сұрықсыз сиқын өз көзімен көргендей болды. «Кім жазықты?», «Бір адамға», «Осы да әділдік пе?» деген шығармаларда үстем тап өкілдерінің озбырлығы мен зұлымдығы әшкереленіпті. «Кеш», «Сарыарқаның жаңбыры», «Жылы кеш» деген өлеңдерден Кәрім дала табиғатының тамаша картиналарын көргендей болды.



Б. Ысқақов.

АҒЫЛШЫН ЮМОРЛАРЫ

— Джон, мен радио қабылдағыштың қалай жасалғанын байқау үшін оны бөлшектедім де, қайта жинастырдым.

— Сен оның бөліктерін қайтадан дұрыс орналастыра алдың ба?

— Сол сөз бе екен, әуелі бұрынғыға қарағанда 12 бөлшек артылып қалды.

* * *

Зор ынтамен қағазды шимайлап жатқан қыздан:

— Сен не істеп жатырсың? — деп сұрадым.

— Дженниге хат жазып жатырмын.

— Сен әлі жаза білмейсің ғой.

— Оқа емес. Дженни де оқи білмейді, — деді ол.

Мұқабаның 1-бетінде Ұлы Октябрьге 40 жыл деген Н. Лебедевтің суреті. Мұқабаның 4-бетінде «Аврора» крейсерінің түнгі көрінісі.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Иманжанов М., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов

г. Аяма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 7/Х 1957 г. УГ05490. Бум. 84×108^{1/16}—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 26.624 экз.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1779.

926962

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Темір қорытатын кокстың осы кезге шейін таскөмірден алынып келгенін бірінші кластың оқушылары да біледі. Бірақ коксты кез келген көмірден ала беруге болмайды да. Енді, міне, корей ғалымдары шымтезектен кокс алу жолын тапқан. Шымтезектен құры күйінде айыру арқылы алынған бұл коксте күкірт көмірден алынған кокстен әлдеқайда аз болады. Сондықтан да, Корей Халықтық Демократиялық Республикасының металлургияшылары шымтезектен алынған коксты жоғары сапалы болат қорытуға жұмсайды.

* * *

Күріш көбінесе су ішінде өседі. Су жердің қатты қыртысын жібітіп, оны сазға айналдырады. Мұндай жағдайда күріш жинайтын машинамен жұмыс істеу едәуір қиын болады. Машинаның дөңгелектері сазға батып кетіп, күріш оруға көп кедергі келтіреді. Осындай қиыншылықтар болмау үшін венгердің машина жасаушылары шынжыр табанды комбайн жасап шығарды. Мұндай комбайнға сазды жер де, су басып кеткен жер де хауіпті емес.

400 ЖАС, 430 КИЛОГРАММ

Атлантиканың Франция жағалауына жуық Ре аралының маңынан салмағы 430 килограмм дәу теңіз бақасы ауға түскен. Балықшылар бұл бақаны Париждің балық саудагеріне сатқан. Сол саудагердің Терн базарындағы дүкенінде ол суретке түсіріліп алынған. Жозефина деп ат қойылған бұл бақаның сорпасы, бақа сорпасын сүйсініп ішушілердің талайын лықитқан көрінеді. Мамандардың анықтауы бойынша, Жозефинаның дүниеге келгеніне 400 жыл болған.

ТІСІҢДІ КҮНДЕ ТАЗАРТ!

Арасында тұрып қалған тамақ үгінділері тістің сыртқы қабығын жарақаттандырады. Жарақаттанған қабық арқылы тіске микробтар түседі. Содан тіс ауруы пайда болады.

Тамақ ішкен сайын ауызды сумен шаю керек. Тісті инемен немесе осыған ұқсас өткір нәрселермен шұқылауға болмайды. Жаңғақты тіспен шағып жеу дұрыс емес. Тісі ауру адам қатты тағамдарды жөнді шайнай алмайды.

Тіспен ұсақталмаған тамақ асқазанда да жөнді қорытылмайды. Осыдан барып адам организмі түрлі ауруларға шалдығуы мүмкін. Ауырмаса да, ең болмағанда, жылына бір рет тісіңді дәрігерге көрсетіп тұру өте пайдалы.



ЖАУАПТАР.

«Пионер» журналының 9-санындағы ребустың, жұмбақтардың жауаптары.

1. РЕБУС.

Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз.

ЖҰМБАҚТАР:

Электр плиткасы, светофор, тышқан, шырпы, сағат, гудок.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

З. Торгаева (Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы), А. Кәрімов (Талдықорған облысы, Ақсу ауданы), Т. Рысмендеев (Жамбыл облысы, Шу ауданы), Т. Жұмабеков (Қарағанды облысы, Ақадыр станциясы), А. Бекішева (Аякөз қаласы), Н. Есентаев (Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы).

ЖҰМБАҚ-ӨЛЕН


Әжем бірде айтты маған,
Бір жұмбақты қызық тіпті.
— Итке мініп, түйе айдаған
Артына ешкі бөктеріпті.
Бұл не деген ғажайып аң,
Алдына есек өңгеріпті.
Кәне, шешіп берші, балам,
Шешіп көрші болсаң мықты?
— Бөктергені лак,— дедім,—
Алдында есек бірақ,— дедім,—
Күшік мініп, бота айдаса,
Қызық екен шын-ақ,— дедім.
Әрлі-берлі толғандым кеп,
Табармын деп ойландым көп.
Өзіме-өзім сұрау бердім.
«Бұл қандай аң болғаны?» — деп.
Іздесем де қанша шындап
Шештірмеді қиын жұмбақ.
Әрбір аңды атай бердім,
Әжем отыр күле тындап.
Жуыспады бәрі бірақ,
Енді және қойдым сұрақ:
— Әже, мынау қиын екен,
Айтпайсыз ба өзіңіз-ақ?
Осы кезде бақпа қоян
Үйден шығып секендеді.
Әжем сонда: — Мына бір аң,
Жұмбаққа ұқсас екен,— деді.
Қас қақпастан қарап қалдым.
Қарадым да ғажаптандым.
Дедім: — Қыли, қитар қоян,
Мені қанша азаптадың?!
Құлағың дәл есек құлақ.
Ешкі құйрық құйрығың нақ.
Ит табанды, бота ерінді
Сен екенсің қоян шырақ.
Қыли көзім, қитар көзім,
Неткен қиын едің жұмбақ?!
Жұмбақ сырын қызық көріп,
Күле бердім сықылықтап.

СЕИЛ БОРАНБАЕВ.

КРОССВОРД

Тігінен:

- Совет Одағының маршалы.
- Ағаш.
- Азиядағы мемлекеттің астанасы.
- Европадағы өзен.
- Үй жануары.
- Европадағы мемлекет.
- XVI ғасырдың жартысында Москвада ең алғаш кітап басып шығарушы адам.
- Охот теңізіндегі порт.
- Сатиралық журнал.
- Европадағы өзен.
- Амур өзенінің саласы.
- Африкадағы өзен.
- Пән аты.
- Шыны кесетін құрал.
- Өлшем.
- Гайдар шығармасының басты кейіпкері.
- Грек мифологиясындағы батыр.



Көлденеңінен:

- Дене мүшесі.
- Индонезиядағы арал.
- Африкадағы мемлекет.
- Жалынды революционер.
- Ағылшынның атақты ғалымы.
- Сан.
- Уақыт өлшеуіші.
- Э. Әбішевтің пьесасының геройы.
- СССР-дағы қала.
- Европадағы мемлекет.
- Мемлекет.
- Тау жынысы.
- Лена өзенінің саласы.
- Үй мүлкі.
- Дәнді егістің бір түрі.
- СССР-дағы сіріңке жасайтын қала.
- Планета.

Құрастырған Айдархан Қабылов.
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы,
В. И. Ленин атындағы орта мектеп оқушысы.

«АЛТЫ КОМПОЗИТОР»



Мына клеткаларға әріптер қойып «а» әрпін қоса оқығанда қазақтың алты композиторының есімдері шығады.

Құрастырған: М. Сұрағанов
Турксиб темір жолы, 109-мектеп.

1) Біршеам
2) Байғаданов



Бағасы 1 сом.

LOC. UNIV. BURE. ME
1. 12